

Алғысөз

Құрметті иегер, AVATR автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Автокөлікті пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз.

Пайдаланушы нұсқаулығының баспа нұсқасы автокөліктің негізгі функцияларын ғана сипаттайды және пайдаланушыларға автокөлікті қолдану және оған техникалық қызмет көрсету бойынша ақпарат беруге арналған. Толық пайдаланушы нұсқаулығын автокөліктегі орталық экраннан қарап көруге болады.

Осы нұсқаулықта берілген бүкіл ақпарат нұсқаулық шығарылған сәтке дейін жаңартылған болып табылады. Алайда компаниямыздың үздіксіз дамуына және өнімдерді жетілдіруіне байланысты Сіздің автокөлігіңіз бен осы нұсқаулықтағы сипаттамалардың немесе кескіндемелердің арасында нақты жабдықталуда, конфигурацияда, функцияларда және т. б. айырмашылықтар болуы мүмкін. Осыған байланысты біз нұсқаулыққа алдын ала хабарламастан қажетті өзгертулер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз.

Осы нұсқаулықта модельдік қатардың барлық жинақтамалары туралы ақпарат беріледі және нұсқаулықта сипатталған кейбір функциялар әртүрлі модельдерде әртүрлі жинақтамаларының болуына байланысты Сіздің автокөлігіңізде қолжетімсіз болуы мүмкін.

Осы нұсқаулықта келтірілген деректерді, кескіндемелерді және нұсқауларды құқықтық негіз ретінде қабылдап, қандай да бір сұраулармен жүгінуге жол берілмейді.

Жазбаша рұқсатсыз осы нұсқаулықты қайта басып шығаруға, көшірмелеуге, аударуға немесе мазмұнын өзгертуге тыйым салынады.

Компанияның атауы: Avatr Technology (Chongqing) Co., Ltd

Мекенжайы: Чунцин қаласы, Юбэй ауданы, Цзинькай даңғылы, батыс бөлік, № 106, 1-корпус, 1-қабат, № 24

Мазмұны

Жалпы мәліметтер

Кіріспе	5
Осы нұсқаулықтағы графикалық белгілемелердің түсіндірмелері	8

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері	12
Қауіпсіздік жастықтары	21
Балаларға арналған қауіпсіздік құлпы	28
Балаларға арналған қауіпсіздік орындығы	29
Бағдар тұрақтылығын бақылау электронды жүйесі	36
Блоктауға қарсы жүйе	37
Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі	38

Бақылау аспаптары мен көрсеткіштер

Бақылау және сигналдық көрсеткіштер	40
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	45

Автокөлікті басқару бойынша ұсыныстар

Негізгі функциялар

Автокөлікті басқару бойынша ұсыныстар	49
Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөліктің құлпын ашу ..	51
Автокөлікті оталдыру	52
Жүру режимдерінің ауыстырып қосу	53
Тұрақ режимі	55
Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөлікті құлыптау	56
Автокөлікті зарядтау кезіндегі сақтық шаралары	57

Техникалық қызмет көрсету

Оқиғалар туралы деректерді тіркеу жүйесі	61
Шиналарды тексеру және оларға қызмет көрсету	64
Автокөлік салонына күтім жасау	66
Бірінші регламенттік қызмет көрсету	69
Регламенттік техникалық қызмет көрсету	70
Кепілдік шарттары	70

Төтенше жағдай туындаған кездегі әрекеттер

Жарық шағылыстыратын кеудеше және апаттық аялдау белгісі	76
Шиналарды жөндеуге арналған жинақ.....	77
Автокөлікті сүйреу	80
Автокөліктің алдыңғы есігін апаттық жағдайда іштен ашу ...	85
Автокөліктің артқы есігін апаттық жағдайда іштен ашу	86
Артқы жүксалғышты апаттық жағдайда ашу.....	87
Автокөліктің құлпын апаттық қуат көзімен ашу	88
Зарядтау пистолетін апаттық жағдайда бұғаттан шығару ...	92

Сақтық шаралары

Ескерту белгілері туралы ақпарат	94
Апаттық құралдар.....	96
Ток көзін ажырату.....	97
Апаттық-құтқару қызметтеріне арналған ақпараттық карта .	98
Суға батқан автокөлікпен апаттық-құтқару жұмыстары.....	100
Автокөлік өртенген жағдайдағы әрекеттер	101
Литийлі аккумулятордың зақымдалуы және электролиттің жылыстауы.....	102
Ақаулы автокөлікті сақтау	104

Техникалық сипаттамалар

Автокөліктің габариттік өлшемдері.....	106
Автокөлік туралы ақпарат	108
Орындық параметрлері	109
Электржетек параметрлері	110
Динамикалық сипаттамалар	112
Тартымдық аккумулятордың параметрлері.....	113
Ұсынылатын майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат	114
Тежеу жүйесінің және аспаның параметрлері.....	115
Шиналардың параметрлері.....	117
Масса және сыйымдылық	118
Автокөліктің сәйкестендіру коды	119
Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасы мен жапсырмалары	122
Жетек қозғалтқышының сәйкестендіру коды.....	123

Жалпы мәліметтер

Кіріспе

Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті басқару кезінде жергілікті заңнаманы және нормативтік құқықтық актілерді сақтаңыз және автокөлікті пайдалану кезінде келтірілген маңызды ережелерді орындаңыз:

- Пайдаланылған тартымдық аккумуляторларды рұқсатсыз қайта өңдеуге және сақтауға тыйым салынады.
- Тартымдық батареяны жасанды түрде майыстыруға, тесуге және оған басқа да бұзу әрекеттерін жасауға тыйым салынады.
- Жарақат алудан сақтану үшін автокөліктің кез келген жоғары вольтті компонентінен ұстауға тыйым салынады.
- Ескерту таңбаламасындағы ескертпелерді орындаңыз, жоғары кернеулі бөлшектерді рұқсатсыз бөлшектеуге және құрастыруға қатаң түрде тыйым салынады.
- Көлік тізгінінде отырғанда зейінді болыңыз, алкоголь және/немесе есірткі тұтынғаннан кейін автокөлікті басқаруға тыйым салынады. Бұл талапқа бағынбаған жағдайда Сіздің автокөлікті басқару қабілетіңіз нашарлайды және бұл жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін жазатайым жағдайларға ұшыратады.
- Автокөлікті міндетті түрде абайлап айдаңыз, дер кезінде шешім қабылдау және жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін ауа райы және жол жағдайларын бағалаңыз және жолдағы басқа көлік

құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалысын қадағалаңыз.

- Көлік жүргізу кезінде қоңырауларға жауап беруге, ақпаратты қарап көруге және т. б. арналған портативті құрылғыларды қолданбаңыз, бұл Сізді автокөлікті басқарудан алаңдатады.
- Жүргізуші автокөлікті басқару кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтауы, автокөліктің жылдамдығын бақылауда ұстауы, жылдамдықты шектен асырудан немесе шектен тыс жүк артудан сақтануы тиіс.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізуші және жолаушылар бүкіл жол бойы қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы қажет, ал егер автокөлікте балалар бар болса, артқы қатар орындығына орнатылатын бала орындығын пайдаланыңыз.
- Автокөліктен түскенде балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз. Міндетті түрде кілтті өзіңізбен алыңыз және автокөлікті құлыптаңыз.
- Автокөлік коррозиялық, жарылыс қаупі бар, оқшаулағыш газдардан немесе ток өткізгіш тозаңнан таза ортада қолданылуы және жылу көздерінен алшақ ұсталуы тиіс.
- Күн көзінде тұрғаннан кейін автокөліктің температурасы өте жоғары болуы мүмкін, сондықтан күйік шалудан сақтану үшін автокөлікті және оның компоненттерін ұстағанда абай болу қажет.

Жол-көлік оқиғасы кезіндегі әрекеттер

Автокөлік оқиғаға ұшыраған жағдайда жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі ережелерге назар аударыңыз:

- Электр тогының соғуы салдарынан жарақат алудан немесе кісі өлімінен сақтану үшін автокөліктің жоғары вольтті компоненттерінен ұстауға тыйым салынады.
- Егер автокөлікті сүйреп тасымалдау қажет болса, жергілікті ресми дилерге хабарласыңыз.
- Автокөліктен түтін, өрт шыққан және т.с.с. жағдайларда бірден автокөліктен алысқа тұрыңыз және құтқару қызметіне уақтылы қоңырау шалыңыз, қоңырау шалу кезінде құтқару қызметкерлеріне автокөліктің толықтай электрлі көлік екенін, жаңа энергия көздерімен жүретінін хабарлау қажет.
- Егер адам жарақат алған болса және оған жедел жәрдем қажет болса, алғашқы көмек көрсету үшін дереу жедел жәрдем қызметіне хабарласыңыз.
- Соқтығысудан кейін егер қорғаныштың іске қосылу шарттары орындалса, автокөлік автоматты түрде қорек көзін (тартымдық батареяны) өшіреді, қоректендіруді қалпына келтіру үшін жергілікті ресми дилерге хабарласыңыз.

Назар аударыңыз

Автокөлікпен келесі жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда жергілікті ресми дилерге хабарласыңыз:

- Автокөліктің соқтығысуы, судың кіруі және басқа жағдайлар.
- Автокөліктің аспаптар тақтасында ақаулықтар туралы ескерту хабарламалары пайда болып жатыр (мысалы: төмен вольтті аккумулятордың ақаулығы, тартымдық аккумулятордың ақаулығы, жетек қозғалтқышының ақаулығы және т.б.).
- Аккумуляторда сұйықтықтың жылыстауын және аккумулятордың зақымдалғанын анықтау.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

AVATR түпнұсқа қосалқы бөлшектері қатаң сынақтардан өтеді, автокөлікке техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде AVATR түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдалануға кеңес беріледі.

Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді қолдану автокөлігіңіздің пайдаланушылық сипаттамалары мен қауіпсіздік жүйелеріне кері әсер етуі мүмкін. Компания түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді қолданумен байланысты туындайтын кез келген проблемалар үшін жауапкершілік көтермейді.

Автокөліктің тораптары мен бөлшектерін өз еркіңізбен модификациялау бүкіл автокөліктің қауіпсіздігі мен ұзаққа жарамдылығына әсер етуі мүмкін, компания бұдан тікелей

немесе жанама түрде туындаған шығындар үшін жауапкершілік көтермейді.

Радиожабдық

Автокөлікке түпнұсқа емес радиожабдық орнату бірден электр жүйесінің қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін.

Радиожабдықты пайдаланғанда келесі ережелерді қатаң түрде сақтау қажет:

- Түпнұсқа емес радиожабдық орнатпаңыз, автокөліктің орналасқан жерінің заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерін сақтаңыз.
- Түпнұсқа радиожабдық сынақтан өткізілді және көлік құралының орналасқан жеріндегі заңдармен және нормативтік актілермен белгіленген барлық шарттар мен шектеулерге сәйкес келеді.
- Автокөлікті трансформаторлар және жоғары вольтті электр өткізу желілері секілді күшті электромагнитті кедергілері бар жерлерге тұраққа қоймаңыз.
- Электронды медициналық құрылғыларды пайдаланатын адамдар радиотолқындардың құрылғының жұмысына әсері туралы осы құрылғының өндірушісімен кеңесуі тиіс.

Осы нұсқаулықтағы графикалық белгілемелердің түсіндірмелері

Ақпараттық көмексөздер

Нұсқаулықтағы графикалық белгілемелердің: қауіптің, ескертулердің, сақтандырулардың және көмексөздердің сәйкес сипаттамаларымен мұқият танысып шығыңыз. Бұл ақпаратты елемей жүргізушінің және жолаушылардың дене жарақаттарына немесе автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Қауіп

Қауіп туралы бұл хабарламаны сақтамау дене жарақаттарына, ал ауыр жағдайларда кісі өліміне немесе Сіз не айналадағылар үшін елеулі материалдық шығынға алып келуі мүмкін.

Ескерту

Бұл ескертуді сақтамау автокөліктің сәйкес функцияларын қолданудың мүмкін болмай қалуына алып келуі және ауыр жағдайларда дене жарақаттарын келтіруі мүмкін.

Назар аударыңыз

Бұл сақтық шарасын сақтамау автокөліктің сәйкес функцияларының жұмыс істемей қалуына және ауыр жағдайларда автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Көмексөздер

Бұл жерде Сіз кейбір қосымша көмексөздерді немесе автокөлікті пайдалану туралы пайдалы толық ақпаратты табасыз.

Пиктограммалар мен кескіндемелердің түсіндірмелері

Осы нұсқаулықтағы кескіндемелер, деректер мен сипаттамалар әртүрлі жинақтамалардың функцияларындағы айырмашылықтарға байланысты нақты автокөлікке сәйкес болмауы мүмкін, сондықтан нақты функциялардың бар-жоғын анықтау үшін нақты автокөлікті қарап көру қажет.

Автокөліктегі функцияларды автокөліктегі белгішелер немесе орталық басқару дисплейіндегі көмексөздердің сипаттамалары бойынша тануға болады.


Дисплейдегі индикация

Орталық басқару дисплейінде көрсетілетін мәтіннің немесе хабарламаның форматы әдеттегі мәтіннен өзгеше болуы мүмкін, мысалы: автокөлікті басқару, жүру профилі туралы мәліметтер, жүргізушінің көмекші жүйелерінің индикациясы және т. б.

"*" белгісімен белгіленген жабдық немесе функциялар тек кейбір модельдерде немесе опциялық бөлшек немесе опциялық функциялар ретінде ғана қолжетімді және автокөліктің нақты жинақтамасына байланысты болады.

Автокөлік компоненттерінің орналасу сипаттамасы

Осы нұсқаулықта компоненттің сол немесе оң жақта орналасуы сипатталған жағдайда компоненттің автокөлік ішінде алдыға қарап отырған адамға қатысты орналасу күйі түсініледі.



Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Оң жақ
②	Сол жақ

Кескіндемелердегі көрсеткілер (сыртқа шығарылған сызықтар)

Түйінді нүктелерді, қажетті әрекеттерді және әсер ету бағытын (мысалы, басуды, тартуды, солға бұруды, оңға бұруды, алдыға-артқа жылжытуды және т. б.) көрсетеді.

Кескіндемелердегі қауіпсіздік белгілері

01

Қауіпсіздік белгілері	Сипаттамасы
	Мұндай әрекеттерді жасауға немесе мұндай жағдайдың туындауына жол беруге қатаң түрде тыйым салынады
	Мұндай әрекеттерді жасауға кеңес беріледі немесе мұндай жағдайдың туындауына жол беріледі

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері

Жүргізушінің және жолаушылардың негізгі қорғаныш элементі ретінде қауіпсіздік белбеулері жол-көлік оқиғалары жағдайында тиімді түрде ауыр жарақаттардың алдын алады, ал қауіпсіздік жастықтарымен бірге қолданған жағдайда соқтығысу кезіндегі жарақат алу ықтималдығын төмендетеді. Сондықтан автокөлікті пайдалану кезінде міндетті түрде қауіпсіздік белбеулері тағыңыз.

Автокөліктегі барлық қауіпсіздік белбеулері – үш нүктелі.

Қауіпсіздік белбеуінің күшін шектеу функциясы

Автокөліктің алдыңғы және артқы орындықтарының қауіпсіздік белбеулері күшті шектеу функциясымен жабдықталған.

Нәтижесінде белбеудің керілуі белгіленген мәннен асатын соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белбеуінің арнайы құрылғысы қауіпсіздік белбеуінің қысымынан туындайтын жүргізушінің және жолаушының жарақаттарын азайту үшін қауіпсіздік белбеуінің белгілі бір ұзындығын босатып шығарады.

Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы

Автокөліктің алдыңғы және артқы орындықтарының қауіпсіздік белбеулері қауіпсіздік белбеуін алдын ала тартуға арналған құрылғылармен жабдықталған.

Соқтығысу жағдайында алдын ала тарту құрылғысы қауіпсіздік белбеуінің бір бөлігін тез тартып алады және

жүргізуші мен жолаушыны анағұрлым тиімді ұстай отырып белбеуді бекітеді және анағұрлым сенімді қорғанышты қамтамасыз етеді.

Алдын ала тартуға арналған белсенді құрылғы*

Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі белсенді алдын ала тарту құрылғысымен жабдықталған. Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін таққан кезде ішке тарту құрылғысы жүргізуші мен қауіпсіздік белбеуінің арасындағы саңылауды азайту үшін автоматты түрде қауіпсіздік белбеуінің бір бөлігін ішіне қарай тартады, қорғаудың ең жақсы дәрежесін қамтамасыз етеді.

❗ Көмексөздер

Жүргізуші жағындағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартылуы кезінде қауіпсіздік белбеуін қолмен күштеп тартып шығаруға тыйым салынады. Егер қауіпсіздік белбеуі күшпен тартылып шығарылса, ішіне тарту құрылғысы қауіпсіздік белбеуін тез ішке тартады және оны бұғаттайды. Бұл жағдайда қауіпсіздік белбеуін баяу тартып шығару қажет, содан кейін белбеуді құлыпқа тағыңыз, осыдан кейін ол автоматты түрде ішіне тартылады. Қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде тартылғаннан кейін егер белбеудің тым қатты тартылып тұрғанын сезсеңіз, қауіпсіздік белбеуін ағытуыңызға, қауіпсіздік белбеуін ішке тартқыш құрылғыдан шығаруыңызға және қауіпсіздік белбеуін қайтадан тағыуыңызға болады.

⚠ Ескерту

- Автокөліктің алдын ала тарту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталғанына қарамастан, соқтығысу жағдайында жүргізушінің және жолаушылардың жарақаттарының толықтай алдын алу мүмкін емес, сондықтан жүргізу кезінде абай болыңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін, қауіпсіздік белбеулерінің тартқыш құрылғыларын және қауіпсіздік белбеулерінің бекіту құрылғыларын рұқсатсыз бөлшектеуге, орнатуға, модификациялауға және т.б тыйым салынады.
- Тағылмаған немесе дұрыс тағылмаған қауіпсіздік белбеуі ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін, сондықтан міндетті түрде белбеуді дұрыс тағыңыз.
- Қауіпсіздік белбеуін автокөліктің қозғалысы кезінде ағытпаңыз, себебі бұл апат жағдайында ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Өрбір қауіпсіздік белбеуі тек бір адамға арналған және оны бірден артық адамға (мысалы, қолға алып отырған баламен бірге) қолдануға тыйым салынады.

Дененің орындықтағы дұрыс қалпы



Орындықтардың күйінің, қауіпсіздік белбеулерінің және руль дөңгелегінің дұрыс реттелуі жүргізу қауіпсіздігін барынша жоғарылатады.

Қауіпсіз жүргізу үшін қозғалысты бастама бұрын келесі операцияларды орындау қажет:

- Орындықтың күйін аяқтарыңыз барлық педальдарды жеңіл басқара алатындай етіп реттеп алыңыз.
- Түзу отырыңыз және орындық арқалығын денеңіз арқалыққа мінсіз жанасып тұратындай етіп реттеңіз.
- Рульді көкірегіңіз бен рульдің арақашықтығы дұрыс болатындай етіп реттеңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің иық бөлігін мойныңыз бен иығыңыздың арасына, ал белбеудің астыңғы бөлігін жамбас-сан буынының аймағына орналастырыңыз.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі жүргізуші мен жолаушыға жол жүрер алдында қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттігі туралы еске салуға арналған.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі жүргізуге және жолаушыға келесідей жолмен ескертеді:

- Аспаптар тақтасында тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту шамы жанады.
- Дыбыстық ескерту сигналы.

Алдыңғы орындықтың тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу

Автокөлік қозғалуға дайын, ал жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаған жағдайда тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жыпылықтайды және жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы белбеуін таққанша жанып тұрады.

Егер алдыңғы жолаушы автокөліктің қозғалысы кезінде қауіпсіздік белбеуін тақпаған болса, онда белгілі жылдамдыққа жеткен немесе қашықтықты жүріп өткен кезде тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі дыбыс сигналын береді, ал қауіпсіздік белбеуінің индикаторы көрсетіліп тұра береді, алайда біршама уақыттан кейін дыбыс сигналы тыйылады, ал қауіпсіздік белбеуінің индикаторы көрсетілуін жалғастырады.

Артқы қатар орындықтарының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу*

Артқа қатар орындықтарындағы қауіпсіздік белбеулері туралы еске салуды қосу немесе өшіру үшін орталық экранның «Дыбыстық әсерлерді баптау» интерфейсында «Артқы қатар орындықтарының қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту дыбысы» функциясын басқаруыңызға болады.

Артқы қатар орындықтарының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу функциясын қосқаннан кейін егер артқы орындықта қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жолаушылар бар болса, онда жүйе дыбыстық ескерту береді, артқы орындықтағы тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу индикаторы жыпылықтай бастайды, біршама уақыттан кейін дыбыстық ескерту тыйылады, ал индикатор артқы орындықтағы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін таққанға дейін көрсетілуін жалғастыра береді.


Артқы орындықтағы тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу өшірулі тұрғанда тіпті артқы орындықта қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жолаушылар бар болса да, жүйе дыбыстық ескерту бермейді, алайда тақтадағы қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу индикаторы көрсетілуін жалғастырады.

Қауіпсіздік белбеуінің биіктігін реттеу



1. Қауіпсіздік белбеуінің күйін жоғары немесе төмен реттеу үшін ② оның реттеу түймесін ① басып тұрыңыз. Қауіпсіздік белбеуін орындықтың күйіне, дене қалпына және т.б. байланысты анағұрлым ыңғайлы күйге қоюға мүмкіндік беретін үш реттеу деңгейі қолжетімді.
2. Реттеу аяқталғаннан кейін қауіпсіздік белбеуінің биіктігін реттегіштің бекітілгеніне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белбеуін төмен тартыңыз.

Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасы



Автокөліктің артқы орындықтарының қауіпсіздік белбеулері қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасымен жабдықталған.


Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Қауіпсіздік белбеулері
②	Қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасы

Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерін тағуды жеңілдету үшін қолданар алдында артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеуінің таспасын қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасы арқылы өткізіңіз.

❗ Көмексөздер

- Қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасы тек қолжетімділікті ыңғайлы ету қызметін ғана атқарады.
- Қауіпсіздік белбеуін қалыпты қолданған жағдайда қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасы ілінген немесе ағытылған күйінде қауіпсіздік белбеуінің жұмысына немесе функциясына әсер етпейді.
- Қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасын ілінген күйде немесе онсыз пайдалануды өзіңізге ыңғайлы күйде өзіңіз таңдауыңызға болады.

Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерін орналастыру (төрт орындық автокөлік)



Қозғалыс кезінде ілгектің автокөлік тыстамасына жанасуынан шуылдың пайда болуына жол бермеу үшін,

қауіпсіздік белбеулері қолданылмай тұрған кезде қауіпсіздік белбеуінің ілгегін орындық жағынан жоғарыдағы суретте көрсетілгендей жолмен орналастыруға кеңес беріледі.

Қауіпсіздік белбеуін дұрыс қолдану




1. Денеңіздің дұрыс отыру қалпын сақтаңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің ілгегін өзіңізге қарай және денеңіздің алдыңғы бөлігінен айналдырып тартыңыз, қауіпсіздік белбеуінің үстіңгі бөлігін иығыңызға, ал қауіпсіздік белбеуінің астыңғы бөлігін жамбас белдеуіне жанастырыңыз.
3. Қауіпсіздік белбеуінің ілгегін оның бекітілгенін көрсететін сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.
4. Иық белбеуін тартқыш құрылғыдан кері қарай тартыңыз, белбеудің иығыңыздың үстімен өтуін және диагональ бойынша көкірегіңіздің үстіне ыңғайлы түсіп тұруын қадағалаңыз.

⚠ Назар аударыңыз


Қауіпсіздік белбеуін мойныңызға немесе қарныңызға тақамңыз.

Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі (бес орынды автокөлік)


Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі үш нүктелі болып табылады және төмендегі суретте көрсетілгендей дұрыс қолданылуы тиіс:



1. Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуін жайымен тартыңыз.



2. Қауіпсіздік белбеуінің астыңғы ілгегін оның бекітілгенін көрсететін сырт еткен дыбыс естілгенше жоғарыдағы суретте көрсетілгендей құлыпқа сұғыңыз.




3. Қауіпсіздік белбеуінің екінші ілгегін өзіңізге қарай және денеңіздің алдыңғы бөлігінен айналдыра отырып тартыңыз, қауіпсіздік белбеуін иығыңызға, ал қауіпсіздік белбеуінің астыңғы бөлігін жамбас белбеуіне

жанастырыңыз, ілмекті оның бекітілгенін көрсететін сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.

Назар аударыңыз

Қауіпсіздік белбеуін мойныңызға немесе қарныңызға тақаманыз.

Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуін орналастыру



Қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуінің құлпының автокөлік тыстамасына жанасуынан шуылдың пайда болуына жол бермеу үшін ортаңғы қауіпсіздік белбеуі қолданылмайтын кезде қауіпсіздік белбеуінің құлпын жоғарыдағы суретте көрсетілгендей тыстаманың артқы панеліне бекітуге кеңес беріледі.

Қауіпсіздік белбеуін ағыту

1. Қауіпсіздік белбеуінің құлпындағы қызыл түсті түймені басу арқылы қауіпсіздік белбеуін жайымен ағытыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің тартқыш құрылғыға тартылып жиналып жатқанына көз жеткізіңіз.

Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеулерін пайдалануы



Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағуы соқтығысу немесе кенеттен тоқтап қалу жағдайында жүкті әйелдің де, ұрықтың да жарақат алу ықтималдығын тиімді түрде төмендете алады.

Егер қауіпсіздік белбеуін жүкті әйел тағатын болса, қауіпсіздік белбеуін көкірегіңіздің үстімен және құрсағыңыздан мүмкіндігінше төменірек жамбас белдеуі арқылы біркелкі етіп өткізіңіз, сондай-ақ апат жағдайында қауіпсіздік белбеуінің керілуінен ұрықтың және жүкті әйелдің ауыр жарақаттар

алуынан сақтану үшін қауіпсіздік белбеуін түзетілген және керілген күйде ұстаңыз.

Жүктілік кезінде автокөлік тізгініне отырмас бұрын Сізге көлік құралын басқаруға болатынын не болмайтынын анықтап, дәрігермен кеңесіп алыңыз. Жарақат алу қаупін төмендету үшін көлік жүргізу кезінде төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз:

- Жүктілік күй дамыған сайын Сізге орындықты және рульді жүргізу қауіпсіз болатындай етіп реттеу қажет (бұл Сіздің педальдарды және рульді жеңіл басқаруыңыз қажет екенін білдіреді), орындық күйін құрсағыңыз бен руль арасындағы қашықтық мүмкіндігінше үлкенірек болатындай етіп реттеуге тырысыңыз.
- Қауіпсіздік белбеуі ыңғайлы орналасуы тиіс, бұл ретте белбеудің астыңғы бөлігі жамбас белбеуін (құрсақты емес), ал белбеудің үстіңгі бөлігі иықтар мен көкіректі айналып өтіп, барынша тартылып тұруы тиіс, нақты нұсқаулар алу үшін өз дәрігеріңізге жүгініңіз.

Қауіпсіздік белбеуін тексеру

Қолданар алдында қауіпсіздік белбеуінің және қауіпсіздік белбеуінің бекіту механизмінің зақымдарының немесе тозу белгілерінің бар-жоғын мұқият тексеріңіз. Зақымдалған жағдайда өрмен қарай пайдалануға тыйым салынады, тексерту немесе ауыстырту үшін жергілікті ресми дилерге хабарласуға кеңес беріледі.

Ақаусыздығына және зақымдарының жоқ екеніне көз жеткізу үшін автокөліктің қауіпсіздік белбеулерін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз, тексеру кезінде сызаттардың,

жарықтардың, кесілулердің бар-жоғына назар аудару қажет, қажет болса, ауыстырту үшін жергілікті ресми дилерге жүгініңіз.

 Ескерту


- Автокөлік орындықтары және қауіпсіздік белбеулері жоқ кез келген бөлігінде отырып жол жүруге тыйым салынады.
- Тіпті егер автокөлік қауіпсіздік жастығы бар көмекші қорғау жүйесімен жабдықталған болса да, барлық жолаушылар әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, және бұл талапты сақтамау жарақат алу немесе опат болу қаупін жоғарылатады.
- Қауіпсіздік белбеуі қолданылмайтын кезде ол шиыршықталмаған және белбеуге ілінбеген күйде толықтай ішіне тартылып тұруы тиіс. Қауіпсіздік белбеуінің құлпы бөтен заттармен жабылып тұрмауы тиіс, әйтпесе олар қауіпсіздік белбеуінің құлпының ілгекке дұрыс ілінуіне кедергі жасайды.
- Автокөлік қауіпсіздік жастықтары бар көмекші қорғау жүйесімен жабдықталған, және 12 жасқа дейінгі балалар артқы орындықтарда отыруы тиіс.
- Қозғалыс кезінде орындық арқалығын тік күйінде ұстаңыз және қауіпсіздік белбеуін бел аумағында жамбас белдеуін айналдыра отырып қыстырыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтары – бұл жүргізушінің және жолаушылардың басының және көкірегінің қосымша қорғанышын қамтамасыз ететін пассивті көмекші қорғау жүйесі.

Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тақтау апат жағдайында қауіпсіздік белбеуінің тиісінше жұмыс істемей қалуына алып келеді.

Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы



Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Алдыңғы жолаушы жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы
②	Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары


Реттік нөмір	Сипаттамасы
③	Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары
④	Жүргізуші жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы

02

Алдыңғы орындықтардың алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы жақтан күшті соқтығысу болған жағдайда алдыңғы орындықтардың алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулері жолаушылардың басы мен кеудесінің қосымша қорғанышын қамтамасыз етеді.

Жүргізуші жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының белгісі




Жүргізуші жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы руль дөңгелегінің ортасында орналасқан және «AIRBAG» белгісімен белгіленген.

Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының (алдыңғы) ескерту белгісі



Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының (кері жағындағы) ескерту белгісі



Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы туралы ескерту белгісі алдыңғы жолаушыға арналған күнқағарда орналасқан. Оны мұқият оқыңыз.

⚠ Ескерту

Алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған алдыңғы орындыққа артқа қаратылған және орнатылған баланың қауіпсіздік орындығын орнатуға және пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл дене жарақаттарына немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Алдыңғы жолаушы жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының белгісі



Алдыңғы жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы алдыңғы тақтаның оң жағында орналасқан және «AIRBAG» белгісімен белгіленген.

Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Бүйірден күшті соқтығысу болған жағдайда автокөлік ішінде соқтығысу жағында орналасқан жолаушылардың қосымша қорғанышын қамтамасыз ету үшін жүйе соқтығысу жағында бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын белсендіреді.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығының ескерту белгісі*




Бүйірлік қауіпсіздік жастығының ескерту белгісі*



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ескерту белгілері екі жақтағы орталық бағандардың ілгектерінің астында орналасқан.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалықтарының сыртқы жағына орнатылған.

Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастығының белгісі



Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастығы алдыңғы орындықтардың арқалықтарының сырт жағында орналасқан және «AIRBAG» белгісімен белгіленген.

Жоғарыдағы суретте жүргізуші орындығының қауіпсіздік жастығының орнатылған жерінің белгісі ғана көрсетілген, ол жолаушы орындығының бүйірлік қауіпсіздік жастығының белгісіне симметриялы орналасқан.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары

Бүйірден күшті соқтығысу болған жағдайда бүйірлік қауіпсіздік қалқасы жарақат алу қаупін төмендеті отырып, соқтығысу жағында алдыңғы орындықтарда және артқы шеткі орындықтарда отырған жүргізушіні және жолаушыларды қорғай алады.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқасының белгісі



Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары төбенің екі жағында орналасқан және «AIRBAG» белгісімен белгіленген.

Жоғарыдағы суретте оң жақтағы бүйірлік қауіпсіздік қалқасының орнатылған жерінің белгілері ғана көрсетілген, сол жақ бүйірлік қауіпсіздік қалқасының орнатылған жерінің белгілері симметриялы орналасқан.

Қауіпсіздік жастықтарының жұмыс істеу принципі

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі тек автокөлікті қоректендіру жүйесі қосылу тұрғанда ғана жұмыс істейді.

Автокөлік соқтығысу датчигімен жабдықталған. Алдыңғы жақтан немесе бүйірден қауіпсіздік жастықтары жүйесін белсендіру талаптарына сай келетін соқтығысулар болған жағдайда (соқтығысу түріне, соқтығысу бұрышына, соқтығысу қарқындылығына, соқтығысу объектісіне байланысты) қауіпсіздік жастықтары жүйесі сәйкес қауіпсіздік жастығын белсендіреді, қауіпсіздік жастығының ішіндегі газ генераторы тұтанады және белгілі бір қысыммен газ шығарады, ол қауіпсіздік жастығының қақпағын ашады және қауіпсіздік жастығының бүкіл кеңістігін газбен толтырады, жүргізуші және жолаушыларды қолдауға арналған қорғаныш буферін қалыптастырады және сол арқылы жүргізушінің және жолаушылардың жарақат алу немесе опат болу қаупін төмендетеді.

Қауіпсіздік жастығының индикаторы

 қауіпсіздік жастықтары жүйесіндегі ақаулықтарды индикациялауға арналған аспаптар тақтасында орналасқан.

 автокөліктің қоректендіру жүйесі қосылған кезде бірнеше секундқа жанады, содан кейін автоматты түрде сөнеді. Егер  индикаторы жанып немесе жыпылықтап тұра берсе, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесіндегі ақаулықтың бар екенін білдіреді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығы жағдайында автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қоюға және кез келген ресми дилерге жүгінуге кеңес беріледі.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы мүмкін жағдайлар

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы мүмкін жағдайлар (келесілерді қоса алғанда, алайда бұлармен шектелмей):

- Жоғары жылдамдықпен қабырғаға бетпе-бет соғылғанда немесе басқа автокөлікпен соқтығысқанда.
- Жолдың қатты жабынына соғылғанда.
- Терең шұңқырға түсіп кеткенде.
- Жоғары жылдамдықпен қозғалып келе жатқан автокөліктен бүйірлік соққы болғанда.
- Секірулерден кейін жерге қатты жанасқан кезде.


Көмексөздер

- *Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы автокөліктің апат кезінде қозғалған жылдамдығына емес, апат сәтінде соқтығысу датчиктері тіркеген соқтығысу қарқындылығына байланысты.*
- *Қауіпсіздік жастықтары соқтығысудың қарқындылығы жеткіліксіз болған жағдайда және соққы автокөлік шанағына жұтылып немесе шанақ бойымен шашырап кететін соқтығысу жағдайында іске қосылмауы мүмкін. Осылайша қауіпсіздік жастығының іске қосылуы автокөліктің зақымдалу дәрежесіне байланысты емес.*

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін жағдайлар

Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің артқы бөлігіне соқтығысу, көлбеу бағытта соқтығысу, алдыңғы жақтан, бүйірден мардымсыз соқтығысулар және жанап өткен соқтығысулар, аударылу; екінші және үшінші соқтығысу (сериялық соқтығысулар), сондай-ақ төмен жылдамдықтағы соқтығысулар секілді апаттардың көптеген типтерінде іске қосылмауы мүмкін. Екінші және үшінші соқтығысулар жағдайында бұған дейін іске қосылған қауіпсіздік жастығы қосымша қорғанышты қамтамасыз етпейді.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін жағдайлар (келесілерді қоса алғанда, алайда бұлармен шектелмей):



- Автокөліктің артқы бөлігіне соқтығысқан жағдайда, әдетте алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайды.

- Бүйірден мардымсыз соқтығысу немесе аударылу жағдайында қауіпсіздік жастықтары әдетте іске қосылмайды.
- Егер баяулау немесе тежелу қарқыны автокөлік датчигінің деректеріне сәйкес жүйенің іске қосылу шарттарына сәйкес келмесе, қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайды. Мұндай соқтығысуларға қатты емес объектіні (мысалы, қар үйіндісін немесе бұтаны) соғу, төмен жылдамдықпен қатты тіреуге соғылу, сондай-ақ салыстырмалы түрде төмен жылдамдықпен қозғалып келе жатқан екі автокөліктің соқтығысуы жатады.
- Егер автокөлік жүк көлігіне соқтығысса немесе үлкен өлшемді көлік құралының астыңғы бөлігіне соғылса, алайда соқтығысу күші қауіпсіздік жастығы датчигінің іске қосылу шарттарына сәйкес келмеген болса, қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайды.

 Ескерту

- Автокөліктің алдыңғы бөлігінде қауіпсіздік жастықтарының дұрыс іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін ешқандай өзгертулер жасауға жол берілмейді.
- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз және денеңіз бен руль дөңгелегінің арасында қажетті қашықтықты сақтаңыз. Қауіпсіздік жастықтары тек қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолданған жағдайда ғана барынша тиімді.
- Орындықтардағы сәндік тысқаптар қауіпсіздік жастығының ашылуына кедергі келтіруі және нәтижесінде апат жағдайында жарақат алу немесе опат болу қаупін жоғарылатуы мүмкін.
- Басыңызды есікке сүйеменіз, себебі бұл бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақаттануға алып келуі мүмкін.

Балаларға арналған қауіпсіздік құлпы

Сәйкес есіктің балаларға арналған қауіпсіздік құлпы белсенді режимде тұрған кезде салондағы есікті ашу пернесі сәйкес есікті аша алмайды, осы кезде сәйкес есікті автокөліктің сыртынан ашуға болады.

Балаларға арналған қауіпсіздік құлпын белсендіру/сөндіру

Сәйкес бүйір есіктің балаларға арналған қауіпсіздік құлпын белсендіру немесе сөндіру үшін орталық басқару экранынан «Тез басқару пернесі» интерфейсінен «сол жақтағы балаларға арналған қауіпсіздік құлпын» немесе «оң жақтағы балаларға арналған қауіпсіздік құлпын» таңдаңыз.

Көмексөздер

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін балаларға арналған қауіпсіздік құлпын белсендіргеннен кейін автокөліктің сәйкес есігін салон ішінен есікті ашу пернесінің көмегімен ашу мүмкін емес екеніне қайталап көз жеткізу қажет.

Ескерту

- Артқы орындықта балалар отырған жағдайда балаларға арналған қауіпсіздік құлпы қосуға кеңес беріледі.
- Жазатайым жағдайларға жол бермеу үшін ешбір жағдайда балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз!

Балаларға арналған қауіпсіздік орындығы

Балаларды қорғауды қамтамасыз ету үшін жасына, бойына және салмағына байланысты балаға сәйкес келетін бала орындығын пайдалану қажет. Бала орындығын орнатқан және баланы орындыққа отырғызған кезде балаларға арналған қауіпсіздік орындығының өндірушісі ұсынған нұсқауларды қатаң сақтау талап етіледі.

Ескерту

- Балаларды қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген күйде автокөлікте тасымалдауға тыйым салынады.
- Автокөлікте балаларды қолға ұстап отырып жүруге тыйым салынады.
- ЖКО жағдайында дене жарақаттарын алудан немесе өлім-жітімнен сақтану үшін балалар балаларға арналған қауіпсіздік орындығында белбеумен бекітілген және сапар кезінде орындықтың дұрыс күйін сақтап отыруы тиіс.
- Балаларға арналған қауіпсіздік орындығында апат жағдайында балаға зиян келтіруі мүмкін қатты немесе өткір заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Балалар кездейсоқ есікті ашып жібермеуі үшін қозғалысты бастамас бұрын балаларға арналған қауіпсіздік құлпын белсендіріңіз.
- Соқтығысу немесе шұғыл тежеу жағдайында дұрыс орнатылмаған және бекітілмеген балаларға арналған қауіпсіздік орындығы орнынан жылжып кетуі және автокөліктегі басқа жолаушыларды жарақаттауы мүмкін, сондықтан тіпті қолданылмай тұрған кезде де балаларға арналған қауіпсіздік орындығының автокөлікте дұрыс орнатылған және бекітілген болуы маңызды.
- Бала қауіпсіздік орындығында отырған кезде оның басын немесе денесін есіктерге немесе бағандарға сүйеу мүмкіндігін болдырмау қажет, себебі апат жағдайында бұл аймақтарға бүйірлік қауіпсіздік қалқалары ашылуы мүмкін.

- Балаларға арналған қауіпсіздік орындығы қозғалысқа қарсы бағыттағы бекіткішімен салмағы 9 кг-ға дейінгі балаларға қолданылуы тиіс.
- Бала орындығының тікелей түсетін күн сәулелерінің әсеріне ұшырамайтынына көз жеткізіңіз, әйтпесе оның компоненттері қатты қызуы мүмкін. Баланы отырғызбас бұрын бала орындығы суығанша күту қажет.
- Орнату бойынша нұсқаулардан және пайдалану нұсқаулығынан өзге балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарын пайдаланған кезде жергілікті заңнама және нормативтік құқықтық актілер сақталуы тиіс.
- Балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарын орнату және пайдалану заңнамамен және нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін кез келген аймақта егер бұл нұсқаулықтың мазмұны аймақтағы заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмейтін болса, жергілікті заңнама мен нормативтік құқықтық актілер басымдық күшіне ие болады..

⚠ Назар аударыңыз


- Балаларды қорғау үшін баланың жасына, салмағына және бойына байланысты сәйкес келетін балаларға арналған қауіпсіздік орындығын пайдалану, балаларға арналған қауіпсіздік орындығының өндірушісі ұсынған нұсқауларды қатаң түрде орындау қажет.
- Балаларға арналған қауіпсіздік орындығында отырған балалар ересектердің қадағалауында болуы тиіс, балаларды автокөлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Балаларға арналған қауіпсіздік орындығын пайдалану бойынша ақпараттық тақтайшалар

Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының (алдыңғы жағы) ескерту белгісі



Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының (кері жағы) ескерту белгісі



Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы туралы ескерту белгісі алдыңғы жолаушыға арналған күнқағарда орналасқан. Оны мұқият оқыңыз.

Балаларға арналған қауіпсіздік орындығын алдыңғы қатардағы жолаушылар орындығына қоюға тыйым салынады. Артқа қаратылған және алдыға қаратылған балаларға арналған қауіпсіздік орындықтары артқы қатардың оң жақ және/немесе сол жақ шеткі орындықтарына бекітілген болуы тиіс.

⚠ Қауіп

Алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған алдыңғы орындыққа артқа қаратылған баланың қауіпсіздік орындығын орнатуға және пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл дене жарақаттарына немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Балаларға арналған қауіпсіздік орындығын таңдау туралы ақпарат

Автокөліктің әртүрлі орындықтарындағы балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарын орнату мүмкіндігі туралы ақпарат

Орындықтың қалпы	Топ				
	О	0+	I	II	III
	Ең көбі 10 кг	Ең көбі 13 кг	9кг-18кг	15кг-25кг	22кг-36кг
Алдыңғы қатардағы жолаушы орындығы	X	X	X	X	X
Артқы қатардағы ортаңғы орындық *	X	X	X	X	X
Артқы қатардағы оң жақ/сол жақ шеткі орындық	U	U	U	U	U

X: Бұл топтағы балаларға арналған қауіпсіздік орындығына сәйкес келмейді.

U: Өмбебап типті балаларға арналған қауіпсіздік орындықтары үшін.

ISOFIX жүйесінің балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарын орнату мүмкіндігі туралы ақпарат

Топ	Өлшем бойынша классы	Бекіткіш жүйе	Автокөліктегі ISOFIX бекіткіштерінің орналасуы		
			Алдыңғы қатардағы жолаушы орындығы	Артқы қатардағы оң жақ/сол жақ шеткі орындық	Артқы қатардағы ортаңғы орындық*
Нәрестелерге арналған портативті кереует	F	ISO/L1	X	IL	X
	G	ISO/L2	X	IL	X
О санаты: < 10 кг	E	ISO/R1	X	IL	X
О+ санаты: < 13 кг	E	ISO/R1	X	IL	X
	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
I санаты: 9кг-18кг	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
	B	ISO/F2	X	IUF	X
	B1	ISO/F2X	X	IUF	X
	A	ISO/F3	X	IUF	X

IUF: ISOFIX жалпы типті балаларға арналған қауіпсіздік орындықтары жүйелері үшін.

X: ISOFIX бекіткіші сәйкес орындыққа бекітуге жарамайды

IL: Балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарының нақты жүйелеріне сәйкес келеді ISOFIX жүйелері арнайы, шектеулі немесе жартылай әмбебап болуы мүмкін, балаларға арналған қауіпсіздік орындықтарының модельдерінің, өндірушілерінің тізіміне назар аударыңыз.

ISOFIX балаларға арналған қауіпсіздік орындығын орнату

ISOFIX бекіткіш құрылғысының орналасуы



ISOFIX бекіту құрылғысы артқы қатардағы орындықтың арқалығы мен орындық жастығының арасында сыртқы жағында орналасқан, ал орындық арқалығында тура бекіту құрылғысының үстінде ISOFIX логотипі басылған.

Бекіткіш типті қауіпсіздік белбеуімен бала орындығын орнату

1. Балаларға арналған қауіпсіздік орындығының астыңғы бөлігін орындықтың астыңғы бөлігінің ISOFIX бекіткішінің ілмегіне балаларға арналған қауіпсіздік орындығын орнату бойынша нұсқаулыққа сәйкес салыңыз.



2. Балаларға арналған қауіпсіздік орындығын артқы қатардағы оң және/немесе сол жақ шеткі орындыққа орнатыңыз, содан кейін қауіпсіздік белбеуін шығарып алыңыз. Балаларға арналған қауіпсіздік орындығының өндірушісінің нұсқауларын орындай отырып, қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, қауіпсіздік белбеуінің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.
3. Қауіпсіздік белбеуінің ішке тартылуына мүмкіндік беріңіз және салбырап тұрған жағдайда оны тартыңыз.
4. Орнына бекітілгеніне көз жеткізу үшін балаларға арналған қауіпсіздік орындығын өзіңізге қарай тартыңыз және солға және оңға қарай ырғап көріңіз.

Балаларға арналған қауіпсіздік орындығының үстіңгі белбеуін бекіту

1. Балаларға арналған қауіпсіздік орындығының астыңғы бөлігін орындықтың астыңғы бөлігінің ISOFIX бекіткішінің ілмегіне балаларға арналған қауіпсіздік орындығын орнату бойынша нұсқаулыққа сәйкес салыңыз.

2. Артқы қатар тақтасындағы зәкірлі бекіту нүктесінің қақпағын ашыңыз.



3. Бала автоорындығының үстіңгі қауіпсіздік белбеуін бассүйегіш жағынан өткізіңіз және оны артқы орындықтың бассүйегішінің артындағы зәкірлі бекіту нүктесіне бекітіңіз.
4. Бекітілгеніне көз жеткізу үшін балаларға арналған қауіпсіздік орындығын өзіңізге қарай тартыңыз және солға және оңға қарай ырғап көріңіз.

❗ Көмексөздер

- Балаларға арналған қауіпсіздік орындығын орнатар алдында балаларға арналған қауіпсіздік орындығының өндірушісі ұсынған пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және балаларға арналған қауіпсіздік орындығын орнатуға арналған нұсқауларды қатаң түрде орындаңыз.
- Балаларға арналған қауіпсіздік орындығы автокөлік орындығына толықтай бекітілуі тиіс.

⚠ Ескерту

- ISOFIX бекіткіші тек ISOFIX бала орындығын орнату үшін ғана қолданылады. Жарақаттардан сақтану үшін ISOFIX бекіткішіне бала орындығынан өзге қандай да бір заттарды бекітуге тыйым салынады.
- Бір қауіпсіздік белбеуін немесе бір бекіту құрылғысын бірден артық балаларға арналған қауіпсіздік орындығын бекіту үшін қолдануға тыйым салынады, балаларға арналған бірнеше қауіпсіздік орындығын бекіткен жағдайдағы ұлғайған жүктеме қауіпсіздік белбеулерін немесе бекіту құрылғысын зақымдауы мүмкін.

Бағдар тұрақтылығын бақылау электронды жүйесі

Тұрақтылықты бақылау электронды жүйесі (ESP) - бұл автокөлік сыни тұрақсыз күйде тұрған кезде (мысалы, кілт бұрылғанда немесе қозғалыс жолағын шұғыл ауыстырғанда) қозғалтқыштан берілетін дөңгелектердегі тежеу күшін және/немесе айналдыру сәтінің деңгейін басқару мақсатында автокөліктің датчиктерінен алынған деректерді жинайтын және салыстыратын жүйе. Жүйе автокөліктің қозғалу тұрақтылығын тұрақтандырады, апат ықтималдығын тиімді түрде азайтады және жүргізу қауіпсіздігін жоғарылатады.

❗ Көмексөздер

- *ESP жүйесі іске қосылған кезде ESP бақылау шамы жыпылықтайды, тежегіш педалі жеңіл дірілдейді және ESP сорғысының жұмысының дыбысы естіледі, бұл қалыпты жағдай болып табылады.*
- *Автокөлікті әрбір қосқан және өшірген кезде ESP жүйесі өзін-өзі тексеру әрекетін жүргізеді және осы кезде ESP сорғысының жұмыс істеген дыбыстары естіледі, бұл қалыпты құбылыс болып табылады.*

ESP қосу және өшіру

ESP функциясын орталық басқару экранында «Қозғалу кезіндегі көмек» бөлімінде «Тұрақтылықты бақылау электронды жүйесі» пернесін басу арқылы қосуға немесе өшіруге болады.

⚠ Ескерту

- ESP - бұл көмекші жүйе, ол бағдар тұрақтылығын барлық жағдайларда бірдей қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Автокөліктің қауіпсіз жүргізілуіне және қолданыстағы заңдардың және жол қозғалысы ережелерінің сақталуына әрдайым жүргізуші жауапты.
- ESP тежеу жүйесімен, аспамен, рульмен басқару жүйесімен, электр жүйесімен және т.б. тығыз байланысты. Автокөлік конструкциясына өз бетіңізше өзгертулер енгізуге тыйым салынады, әйтпесе ESP жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, бұл автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларына әсер етеді және апатқа немесе жарақаттарға алып келуі мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз

Жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ESP функциясы үнемі қосулы тұруы тиіс, ал оны тек ерекше жағдайларда ғана өшіруге кеңес беріледі:

- Сырғытпайтын шынжырларды қолданғанда.
- Омбы қармен немесе борпылдақ жермен жүрген кезде.
- Егер автокөлік батып қалған және оны шығару керек болса.

❗ Көмексөздер

ESP функциясын өшіру үшін қосарлы растау қажет болады.

Блоктауға қарсы жүйе

Блоктауға қарсы жүйе (ABS) - бұл дөңгелектердің блокталуының алдын алатын дөңгелектердегі тежеу күшін басқаратын электронды жүйе. Шұғыл тежеу кезінде ABS автокөлікке басқарымдылығын және қозғалыс бағытындағы тұрақтылығын сақтауға көмектеседі, сондай-ақ жүргізушіге тежелу кезінде автокөлікті бақылауға мүмкіндік береді.

Төтенше жағдайда тежегіш педалін қатты басыңыз. Тежегіш педалін жібермеңіз және тежегіш педаліне түсірілетін күшті азайтпаңыз, сондай-ақ тежегіш педалін бірнеше мәрте баспаңыз, әйтпесе ABS жүйесі жұмыс істеуін тоқтатады, ал тежеу жолы ұлғаюы мүмкін.

ABS жұмыс істеп тұрғанда тежегіш педалінің дірілін сезінуіңіз және «сыртылдаған» дыбыстар естуіңіз мүмкін, бұл қалыпты құбылыс болып табылады және автокөліктің ақаулы екенін көрсетпейді.

⚠ Ескерту

ABS жүйесінің жұмысының шектеулері бар, және дұрыс жүргізу мәнері қауіпсіз жүргізудің негізгі көпілі болып табылады. Ілінісу коэффициенті төмен жолдармен (мысалы, батпақтың, қиыршық тастың немесе қар қабатының үстімен) қозғалған кезде міндетті түрде алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі

Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі автокөлікті өшіргеннен және электронды кілттің көмегімен есіктерді жапқаннан кейін автоматты түрде қосылады.

Егер кез келген есік (алдыңғы және артқы жүксалғыштарды қоса алғанда) кілтті қолданбастан ашылған болса, айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі белсендіріледі:

- Апаттық сигнал шамдары жыпылықтайды
- Дыбыс сигналы беріледі

Автокөлікті құлыптау немесе құлпын ашу үшін, сондай-ақ белсендірілген айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесін өшіру үшін кілтті пайдаланыңыз.

⚠ Назар аударыңыз

Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесіне өз бетіңізше өзгертулер енгізуге тыйым салынады, әйтпесе бұл жүйенің ақаулығына немесе істен шығуына алып келуі мүмкін.

Бақылау аспаптары мен көрсеткіштер

Бақылау және сигналдық көрсеткіштер

Аспаптар тақтасының индикаторлары мен көрсеткіштері әртүрлі функциялар мен жүйелердің іске қосылғанын көрсетеді, сондай-ақ ақаулықтың пайда болғаны туралы сигнал береді. Кейбір индикаторлар мен көрсеткіштер дыбыс сигналдарымен бірге қолданылады.

Автокөлікті оталдырғаннан кейін жүйе өзін-өзі тексеру жүргізеді, осы кезде кейбір индикаторлар бірнеше секундқа жанады және сөнеді.

Егер қозғалыс кезінде ақаулықты білдіретін апаттық шам жанса, автокөлікті қауіпсіз аймаққа тоқтатыңыз және жергілікті ресми дилерге хабарласыңыз.

Белгіше	Сипаттамасы
	Сол жақ бұрылыс көрсеткішінің индикаторы: Бұрылыс көрсеткішінің индикаторы сол жақ бұрылыс көрсеткішін және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқан кезде жыпылықтайды.
	Оң жақ бұрылыс көрсеткішінің индикаторы: Бұрылыс көрсеткішінің индикаторы оң жақ бұрылыс көрсеткішін және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқан кезде жыпылықтайды.

Белгіше	Сипаттамасы
	Шалғай жарық фараларының индикаторы: шалғай жарық фараларын қосқан кезде бұл индикатор үнемі жанып тұрады.
	Таяу жарық фараларының индикаторы: таяу жарық фараларын қосқан кезде бұл индикатор үнемі жанып тұрады.
	Артқы тұман фараларының индикаторы: артқы тұман фараларын қосқан кезде бұл индикатор үнемі жанып тұрады.
	Габарит жарықтарының индикаторы: габарит жарықтарын қосқан кезде бұл индикаторы үнемі жанып тұрады.
	Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы: шалғай жарықты басқару көмекшісінің белсендірілгенін, алайда шалғай жарықтың қосылмағанын көрсетіп, үнемі жанып тұрады.
	Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы: шалғай жарықты басқару көмекшісінің белсендірілгенін, шалғай жарықтың қосылғанын көрсетіп, үнемі жанып тұрады.
	Шалғай жарықты басқару көмекшісінің ақаулығының индикаторы: шалғай жарықты басқару көмекшісінің жұмысы бұзылған жағдайда жанады.

Белгіше	Сипаттамасы
	Есіктердің ашылуының индикаторы: жүйе кез келген есіктің жабылмағанын анықтаса, бұл индикаторы үздіксіз жанып тұрады.
	Рульдің электр күшейткішінің ақаулығының индикаторы: бұл индикатор рульдің электр күшейткіші жүйесінің ақаулы екенін көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Блоктауға қарсы жүйенің ақаулығының индикаторы: бұл индикатор блоктауға қарсы жүйенің ақаулы екенін көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің индикаторы: электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосулы тұрғанда үздіксіз жанып тұрады.
	Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің ақаулығының индикаторы: электрмеханикалық тұрақ тежегішінде ақаулық болған жағдайда үздіксіз жанып тұрады.
	Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің индикаторы: ылдиға қарай қозғалу көмекшісі белсендірілген жағдайда үздіксіз жанып тұрады.

Белгіше	Сипаттамасы
	Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің ақаулығының индикаторы: ылдиға қарай қозғалу көмекшісінде ақаулық болған жағдайда үздіксіз жанып тұрады.
	Бағдар тұрақтылығын ұстау электронды жүйесінің индикаторы: ESP жүйесінің жұмысы кезінде жыпылықтайды; ESP жүйесінде ақаулық болған жағдайда үздіксіз жанып тұрады.
	Бағдар тұрақтылығын ұстау электронды жүйесінің өшірілу индикаторы: егер ESC жүйесі өшірілген болса, үздіксіз жанып тұрады.
	Тежеу жүйесінің ақаулығының индикаторы: тежеу жүйесінде ақаулық болған немесе тежегіш сұйықтығының деңгейі тым төмен болған жағдайда үздіксіз жанып тұрады.
	Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы: жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тақпағанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады немесе жыпылықтайды.
	Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы: алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуін тақпағанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады немесе жыпылықтайды.

Белгіше	Сипаттамасы
	Артқы қатардың сол жақ орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы: артқы қатардың сол жақ орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуін тақпағанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады немесе жыпылықтайды.
	Артқы қатардың ортаңғы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы: артқы қатардың ортаңғы орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуін тақпағанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады немесе жыпылықтайды.
	Артқы қатардың оң жақ орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы: артқы қатардың оң жақ орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуін тақпағанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады немесе жыпылықтайды.
	Қауіпсіздік жастығының ақаулығының индикаторы: қауіпсіздік жастығының ақаулығын көрсетіп, үздіксіз жанып немесе жыпылықтап тұрады.
	Шиналардағы қысым индикаторы: шиналардағы қысымның нормадан ауытқығанын көрсетіп, үздіксіз жанып немесе жыпылықтап тұрады.

Белгіше	Сипаттамасы
	Auto Hold функциясының жұмысының индикаторы: Auto Hold функциясы қосулы тұрғанда үздіксіз жанып тұрады.
	Auto Hold функциясының жұмысының индикаторы: Auto Hold функциясы қосулы тұрғанда үздіксіз жанып тұрады.
	Батарея зарядының төмен деңгейінің индикаторы: автокөлік аккумуляторының тым төмен зарядын көрсетіп жанып тұрады, және Сізге оны мүмкіндігінше тездетіп зарядтау қажет болады.
	Аккумулятор батареясының төмен кернеуінің индикаторы: батареяның ақаулығын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Зарядтау штекерін жалғау индикаторы: зарядтау штекерінің жалғанып тұрғанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Зарядтау күйінің индикаторы: автокөлікті зарядтау кезінде үздіксіз жанып тұрады.
	Төмен температурада аккумуляторды қыздыру индикаторы: аккумулятор батареясын қыздыру қосулы тұрғанда үздіксіз жанып тұрады.

Белгіше	Сипаттамасы
	READY индикаторы: егер бұл индикатор жанып тұрса, бұл автокөліктің жүруге дайын екенін білдіреді.
	ECO режимінің индикаторы: автокөліктің энергия үнемдеу режимінде тұрғанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	ECO plus режимінің индикаторы: автокөліктің экстремалды энергия үнемдеу режимінде тұрғанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Пайдалану режимінің индикаторы: автокөліктің пайдалану режимінде тұрғанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Жайлылық режимінің индикаторы: автокөліктің жайлылық режимінде тұрғанын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Спорттық режим индикаторы: автокөліктің спорттық режимде тұрғанын көрсетіп үздіксіз жанып тұрады.
	Қуатты шектеу индикаторы: көлік құралының қуатының шектеулі екенін көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады, көлік құралы жылдамдығын үдетпейді және төмен жылдамдықпен қозғалады.

Белгіше	Сипаттамасы
	MIL жүйесінің ақаулығының индикаторы: жүйенің өзін-өзі тексеруі кезінде жанады және сәтті аяқталғаннан кейін сөнеді.
	MIL жүйесінің ақаулығының индикаторы: автокөліктің күштік жүйесінің жалпы ақаулығын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Жоғары вольтті батареяның ақаулығының индикаторы: жоғары вольтті батареяның ақаулығын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады.
	Разряд күйінің индикаторы: автокөлік разрядталып тұрған болса, жанып тұрады.
	Тартымдық қозғалтқыштың ақаулығының индикаторы: тартымдық қозғалтқыштың ақаулығы кезінде үздіксіз жанып тұрады.
	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту индикаторы: егер бұл индикатор үздіксіз жанып тұрса, онда функция қосулы және белсендіруді күтіп тұр.
	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту индикаторы: егер бұл индикатор үнемі қосылып тұрса, онда функция белсендірілген.

Белгіше	Сипаттамасы
	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту индикаторы: егер бұл индикатор үздіксіз жанып тұрса, онда функцияның жұмысында ақаулық пайда болған.
	Көзден таса аймақтарды бақылау индикаторы: егер бұл индикатор үздіксіз жанып тұрса, бұл көзден таса аймақтарды бақылау функциясының белсендірілгенін білдіреді.
	120 км/сағ жылдамдық шегінен асыру индикаторы*: егер бұл индикатор үздіксіз жанып тұрса, бұл автокөлік жылдамдығының 120 км/сағ-тан асып кеткенін білдіреді.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) нақты уақыт режимінде шиналардағы қысымды бақылайды және шиналардағы қысым туралы ақпаратты дисплейде көрсетеді. Шиналардағы қысым төмен болған, ауасы жылыстаған немесе жүйеде ақаулық болған жағдайда дисплейде сәйкес ақпарат көрсетілетін болады. Жүйе шинадағы ауаның тез жылыстауын анықтаған кезде дабыл сигналы беріледі.

Шинадағы қысымның сигнал беру жүйесі

Шиналардағы қысым нормадан ауытқыған немесе жүйе ақаулы болған жағдайда әртүрлі ескертулер беріледі.

Шиналардағы қысымның нормадан ауытқуы

Егер бір немесе бірнеше шинадағы қысым рұқсат етілген мәндердің шегінен шығатын болса, дисплейде қалқымалы мәтіндік хабарлама көрсетіледі, сәйкес апаттық шина белгіленіп көрсетіледі, ал  шиналардағы қысым индикаторы қосулы күйінде қалады.

Шиналардағы қысым датчигінің ақауы

Егер шиналардағы қысым датчиктерінің біреуі немесе бірнешеуі ақаулы немесе жүйе ақаулы болса, дисплейде қалқымалы мәтіндік хабарлама көрсетіледі, сәйкес шина белгіленіп көрсетіледі, ал  шиналардағы қысым индикаторы бірақ уақыт жыпылықтап тұрады, содан кейін қосулы күйінде қалады.

Көмексөздер

Егер автокөлік ішінде немесе оның жанында радиотаратқыш құрылғы (мысалы, сымсыз гарнитура, рация және т.б.) қолданылып жатса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің жұмысы бұзылуы мүмкін.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің өзін-өзі үйретуі

Шинаны, шиналардағы қысым датчигін ауыстырғаннан, шиналардың орындарын ауыстырғаннан немесе ажыратылған төмен вольтті батареяны қайтадан жалғағаннан кейін шиналардағы қысымды бақылау жүйесіне өз-өзін үйрету әрекетін жасау қажет, ол үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Автокөлікті тоқтатыңыз және оны 18 минут бойы қозғалыссыз күйде қалдырыңыз.
2. Автокөлікті оталдырыңыз, оны 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен шамамен 10 минут қауіпсіз жүргізіңіз. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесін сәтті үйреткеннен кейін шиналардағы қысым туралы ақпарат автоматты түрде жаңартылады.

 Назар аударыңыз

Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесін үйрету аяқталмаған болса немесе дисплейде шиналардағы қысым көрсетілмей тұрса, жергілікті өкілетті дилерге хабарласыңыз.

Автокөлікті басқару бойынша ұсыныстар Негізгі функциялар

Автокөлікті басқару бойынша ұсыныстар

Жоғары жылдамдықпен қозғалу

Автокөлікті басқару кезінде әрдайым келесілерге назар аудару қажет:

- Қозғалысты бастамас бұрын шиналардағы қысымның қалыпты не қалыпты еместігін тексеріңіз.
- Автокөліктің жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, тежеу жолы соғұрлым ұзынырақ. Әрдайым автокөліктің жылдамдығын қадағалаңыз.
- Алдыдағы автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Бүйірден соққан жел, жүк көлігінен басып озу, туннельге кіру немесе бұрылу секілді жағдайларда жылдамдықты азайтыңыз және рульді мықтап ұстаңыз.

Тәуліктің қараңғы мезгілінде жүру

Автокөлікті тәуліктің қараңғы мезгілінде басқару кезінде келесілерге назар аудару қажет:

- Қозғалысты бастамас бұрын таяу жарықтың, шалғай жарықтың, бұрылыс көрсеткішінің, дыбыс сигналының және басқа жабдықтардың ақаусыз екенін тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын көзді қарықтыру әсерін азайту үшін ішкі айнаның күйін реттеңіз.

- Төтенше жағдай кезінде алдыда жүріп бара жатқан көлік құралымен соқтығысудан сақтану үшін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Егер көру мүмкіндігі айқын емес немесе шектеулі болса, төмен жылдамдықпен жүріңіз, айналадағы мән-жайға назар аударыңыз және кез келген сәтте тежелуге дайын болыңыз.

Жаңбырлы ауа райында қозғалу

Жаңбырлы ауа райында қозғалған кезде көру мүмкіндігі жеткіліксіз болады. Келесілерге мән беріңіз:

- Қозғалысты бастамас бұрын шиналардағы қысымның қалыпты не қалыпты еместігін тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыштың қалыпты күйде болуын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарық аспаптарының қалыпты күйде болуын тексеріңіз.
- Қалыпты тежелуді қамтамасыз ету үшін қозғалыс кезінде тежегіш педалін жайымен басыңыз.
- Жаңбыр жауып тұрғанда жүрген кезде төмен жылдамдықпен қозғалыңыз және алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Су кедергісін еңсеру

Су кедергісінен өткен кезде автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесілерге назар аудару қажет:

- Жылдамдықты түсіріңіз және судың деңгейін қадағалаңыз. Су деңгейі көлік құралының шанағының астыңғы жиегінен аспауы тиіс. Егер су кедергісінің тереңдігі немесе жол жағдайлары белгісіз болса, су кедергісінен кешіп емес, айналып өту қажет.
- Су кедергісі арқылы қозғалысты бастамас бұрын кондиционерді өшіріңіз және терезелерді ашыңыз.
- Жайымен қозғалыңыз және судан кешіп өткен кезде зақымдап алмау үшін көлік құралын қалдырмаңыз.
- Су кедергісінен өткеннен кейін қозғалысты жалғастырмаз бұрын тежеу жүйесінің қалпында екеніне көз жеткізу үшін тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Үнемді жүргізу

Автокөліктің жасы, жоғары кернеулі аккумулятордың күйі, ауа райы, температура, жол жағдайлары, жүргізу әдеттері және т. б. жүріс қорына әсер етуі мүмкін. Дұрыс жүргізу әдістерін игеру үнемділікті барынша жоғарылата алады.

- Жоғары жылдамдықпен қозғалу кезінде барлық терезелерді жабыңыз. Терезе ашық тұрғанда ауаның кедергісі артады, көбірек электр энергиясы тұтынылады.
- Үнемді жүру режимінде максималды жүріс қорын қамтамасыз ету үшін автокөліктің функциялары энергияны тұтынуды төмендетуге бапталады. Оған қоса энергияны рекуперациялаудың жоғары қарқыны

орнатылады. ECO режимдерін барынша мүмкін болатын дәрежеде пайдалану сәйкесінше үнемділікті жақсарты алады.

- Жатық қозғалыңыз, жылдамдықты баяу үдетіңіз және шұғыл тежеуден сақтану үшін жол жағдайларын есепке алыңыз.
- Тас жолда сәйкес жылдамдықты ұстап отырыңыз. Автокөліктің жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көбірек электр энергиясы тұтынылады. Автокөлік жылдамдығын үнемді жылдамдықтар диапазонында ұстау үнемділікті арттыра алады.
- Мүмкіндігінше қозғалысы шектен тыс жолдардан аулақ болыңыз.
- Қажеттіліксіз ауыр жүктерді тасымалдаудан аулақ болыңыз. Ауыр жүктің шектен тыс мөлшері автокөлікке жүктемені ұлғайтады, бұл энергияның көп тұтынылуына алып келеді.

- Қажеттілік болмаса, кондиционерді өшіріңіз, автокөлік ішіндегі қоректендіру интерфейсінен жабдықтарды және т. б. ағытыңыз.
- Шиналарда дұрыс ауа қысымын сақтап отырыңыз. Шинадағы ауаның жеткіліксіз қысымы шиналардың тозуына және электр энергиясының шектен тыс шығынына алып келеді.
- Техникалық қызмет көрсетудің ұсынылған кестесін сақтаңыз, автокөлікті қарап тексеріңіз және қызмет көрсетіңіз.
- Таулы жердің жағдайларының әсерінен автокөліктің жүріс қоры қысқаруы мүмкін.

Ескерту

Автокөліктің қозғалысы кезінде бейтарап берілісте еркін қозғалыспен жүруге тыйым салынады.

Автокөлікті таулы жерде пайдалану

Автокөлікті таулы аудандарда пайдаланғанда автокөліктің сипаттамалары географиялық жағдайларда және теңіз деңгейінен биіктікке байланысты өзгеше болады. Келесілерге мән беріңіз:

- Тауға жол жүрмес бұрын шиналардың және олардағы қысымның қалыпты күйін тексеріңіз, қажет болса, шиналардағы қысымды реттеңіз.
- Ылдиға қарай ұзақ жүрме бұрын тоқтаңыз және шиналардағы қысымды, тежегіштің және рульмен басқару жүйесінің жұмысын тексеріңіз.

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөліктің құлпын ашу

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөлік есіктерінің құлпын ашу




Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тақтау келесіге алып келеді
Автокөлік есігінің құлпын ашу үшін суретте көрсетілген құлыпты ашу түймесін басып, жіберіңіз.

Құлыптар сәтті ашылғаннан кейін есіктердің сыртқы тұтқалары автоматты түрде жылжып шығады.

Барлық терезелерді бірге ашу үшін құлыпты ашу түймесін басып тұрыңыз.

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен жүксалғышты ашу



Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Алдыңғы жүксалғышты ашу үшін суретте 1 цифрымен көрсетілген ашу түймесін қысқа-қысқа 2 рет басу қажет.
②	Артқы жүксалғышты ашу үшін суретте 2 цифрымен көрсетілген ашу түймесін қысқа-қысқа 2 рет басу қажет.

Қозғалысты бастау: автокөлікті оталдыру


Автокөлікті оталдыру үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Автокөліктің құлпын ашыңыз және кілтті өзіңізбен алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Есікті жабыңыз және орындықтың күйін реттеңіз.
3. Автокөліктің Р режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз, содан кейін тежегіш педалін басыңыз. Автокөлік жүруге дайындық күйіне ауысады, және аспаптар тақтасының дисплейінде READY  бақылау шамы жанады.
4. Автокөлік дайындық күйіне (READY) ауысқан кезде жүру режимдерін ауыстырып қосуға болады.

Көмексөздер

Автокөлік зарядтау кабелі жалғанып тұрғанда дайындық күйіне (READY) ауыса алмайды.

Жүру режимдерін ауыстырып қосу



Режимді таңдау үшін автокөлікті оталдырғаннан кейін оның қозғалыссыз тұрғанына көз жеткізіңіз, тежегіш педалін басыңыз және селектор тұтқасын жоғары немесе төмен ауыстырыңыз.

Артқы жүріс режимі (R)

Артқы жүріс режимін қосу үшін тежегіш педалін басыңыз, селектор тұтқасын тірелгенше жоғары жылжытыңыз да, жіберіңіз. Аспаптар тақтасында сәйкес режим (R) көрсетіледі.

Бейтарап режим (N)


Тежегіш педалін басыңыз, селектор тұтқасын жоғары немесе төмен N күйіне ауыстырыңыз және бейтарап күйге

ауыстырып қосу үшін оны осы күйде бір секундтан ұзақ ұстап тұрыңыз.

Алдыға жүру режимі (D)

Алдыға жүру режимін қосу үшін тежегіш педалін басыңыз, селектор тұтқасын тірелгенше төмен жылжытыңыз да, жіберіңіз.

Тұрақ режимі (P)



Тежегіш педалін басыңыз, содан кейін тұрақ режиміне (P) ауыстыру үшін тұтқаның шетіндегі P түймесін басыңыз.

Көмексөздер

- Ағымдағы режим аспаптар тақтасында көрсетіледі.
- Тұрақ режимін (P) таңдағанда жүйе автоматты түрде электронды тұрақ тежегішін (EPB) белсендіреді.
- Егер автокөлік қозғалыссыз тұрса, ал тежегіш және акселератор педальдары басылмаған болса және келесі шарттардың кез келген орындалса, жүйе автоматты түрде P берілісіне ауысады:
 - Жүргізушінің есігі ашық, ал жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
 - Жүргізушінің есігі ашық және жүйе жүргізушінің орындығында адамның бар-жоғын анықтайды.



Назар аударыңыз

- Режимді ауыстырғаннан кейін міндетті түрде аспаптар тақтасынан ағымдағы режимді тексеріңіз. Егер аспаптар тақтасында көрсетіліп тұрған режим нақты режим болмаса, режимді және бір рет ауыстырып қосыңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде автокөліктің тұрақ режиміне (P) ауыстырылғанына көз жеткізу қажет.

Тұрақ режимі

1. Автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.



2. Тұрақ режиміне (P) ауыстыру үшін суретте көрсетілген тұтқаның ұшындағы P түймесін басыңыз, осы кезде жүйе автоматты түрде электронды тұрақ тежегішін белсендіреді.
3. Тежегіш педалін жайымен жіберіңіз.

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөлікті құлыптау

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен автокөлік есіктерін құлыптау



Егер автокөлік «Р» тұрақ режиміне ауыстырылған, барлық есіктер (алдыңғы және артқы жүксалғышты қоса алғанда) жабық, ал автокөліктің құлпы ашылған болса, автокөлікті құлыптау үшін суретте көрсетілген түймені басыңыз. Құлыптау сәтті орындалғаннан кейін сыртқы есік тұтқалары автоматты түрде жиналады.

Егер автокөлік қашықтан істейтін смарт-кілттің сигналы жететін жерде орналасса, құлыптау түймесін қысқа-қысқа 2 рет басқан кезде автокөлікті іздеу функциясы белсендіріледі, бұрылыс көрсеткіштері қосылады және дыбыс сигналы беріледі.

Автокөліктің барлық терезелерін бірге жабу үшін құлыптау түймесін басып тұрыңыз.

Қашықтан істейтін смарт-кілтпен артқы жүксалғышты жабу



Егер артқы жүксалғыш ашық күйде тұрса, артқы жүксалғышты жабу үшін суретте көрсетілген түймені қысқа-қысқа 2 рет басыңыз.

Автокөлікті зарядтау кезіндегі сақтық шаралары

Ескерту

- Зарядтау портының қақпағын қолмен мәжбүрлеп ашуға және жабуға тыйым салынады, бұл автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Жарақат алудан сақтану үшін зарядтау пистолетіндегі немесе зарядтау портындағы металл клеммаға қол тигізуге тыйым салынады.
- Зарядтау пистолетін және зарядтау портын модификациялауға немесе бөлшектеуге тыйым салынады, бұл зарядтаудың бұзылуына және тіпті өртке алып келуі мүмкін.
- Зарядтамас бұрын зарядтау кабелінің күйін тексеріңіз. Оқшаулағышы зақымдалған зарядтау кабельдерін пайдалануға тыйым салынады.
- Тозғаны немесе зақымдалғаны айқын көрінетін қоректендіру розеткаларын, сондай-ақ тасымалы розеткаларды / ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Зарядтау алдында зарядтау станциясының және автокөліктің зарядтайтын қосқыш құрылғысының зарядтау порттарында судың немесе бөтен заттардың жоқ екеніне, сондай-ақ металл клеммалардың коррозияға ұшырамағанына көз жеткізіңіз.

- Автокөлікті қауіпсіз жағдайларда от көздерінен алшақ жерде зарядтаңыз, жауын-шашынның тікелей тиюіне және үй-жайды су басу мүмкіндігіне жол бермеңіз.
- Зарядтауға құрғақ және желдетілетін орынды таңдаңыз. Зарядтау құрылғысын бензин, лак-бояу материалдары, жеңіл тұтанғыш және жарылыс қаупі бар заттар сақталатын жерлерде пайдалануға тыйым салынады.
- Балаларға автокөлікті зарядтағышын қосуға/өшіруге рұқсат бермеңіз.
- Жаңбыр және қар жауып тұрған ауа райында бастырмасы жоқ жерде автокөлікті зарядтауға қоймаңыз.
- Зарядтау барысында ауа райы күрт өзгерген жағдайда (мысалы, күшті жел, жаңбыр және қар, күннің күркіреуі) зарядтау пистолетінің құрғақ күйде тұрғанына көз жеткізу қажет. Күн күркіреген кезде зарядтау кабеліне және автокөлік шанағына қол тигізуге тыйым салынады.
- Егер зарядтау барысында зарядтау портының жанындағы жер ылғалданса, онда алдымен сақтық шараларын орындай отырып зарядтау құрылғысының қорек көзін өшіріңіз, содан кейін зарядтау пистолетін шығарып алыңыз, қажет болса электр оқшаулайтын қолғап киіңіз.
- Сәйкес электронды тізбектерді қорғау мақсатында зарядтау пистолетін мәжбүрлеп шығарып алу қауіпсіз болып табылмайды.

 Ескерту

- Егер зарядтау кезінде автокөліктен жағымсыз күйіктің иісі шығып тұрса, онда дереу зарядтауды доғарыңыз.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау пистолетін ылғал қолдарыңызбен немесе ылғал жабынның үстінде тұрып ажыратуға тыйым салынады.
- Автокөліктің қозғалысын бастамас бұрын зарядтау құрылғысының автокөліктің зарядтау портынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Автокөліктің зарядтау портымен жұмыс істеу кезінде зарядтау портының қозғалатын шегінде кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Зарядтау портының қақпағының қозғалысына кедергі жасауға рұқсат етілмейді.

⚠ Назар аударыңыз

- Зарядтау құрылғысын жалғаған кезде бекіту механизмінің сыналанып қалмайтынына көз жеткізіңіз. Егер зарядтау пистолетінің бекіту механизмі дұрыс жұмыс істемесе, зарядтау пистолетін автокөліктің зарядтау портына сұғуға тыйым салынады.
- Зарядтау пистолетін жалғауды және ағытуды шұғыл қимылдарсыз жүзеге асыру қажет, зарядтау пистолетін еңкейтуге немесе сілкуге тыйым салынады.
- Зарядтау портының қақпағын жаппас бұрын зарядтау портының шаңнан қорғайтын қақпағының ағытпаны дұрыс жабатынына көз жеткізіңіз.
- Автокөлік шанағы жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін зарядтау пистолетінің қорғаныш қақпағын автокөлікке тимейтіндей етіп орналастырыңыз.
- Зарядтау кабелінің немесе ағытпаның тікелей түсетін күн сәулесінің әсеріне ұшырамайтынына көз жеткізіңіз. Тікелей түсетін күн сәулесі әсер еткен жағдайда автокөліктің немесе зарядтау құрылғысының басқару блогындағы қызып кетуден қорғаныш іске қосылуы мүмкін, бұл зарядтаудың шектеулеріне немесе үзілуіне алып келуі мүмкін.
- Энергия тиімділігін жоғарылату және зарядтау уақытын қысқарту үшін автокөліктің тікелей түсетін күн сәулелерінің астында ұзақ тұруынан немесе жоғары температура жағдайларында зарядтаудан сақтану қажет.

- Зарядтау үшін салқын және желдетілетін орын таңдаңыз.

📌 Көмексөздер

Ұзақ зарядтау кезінде автокөлікті құлыптап қойыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Оқиғалар туралы деректерді тіркеу жүйесі

Автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркеу жүйесімен (EDR) жабдықталған.

EDR контроллері қауіпсіздік жастықтарын басқару блогында орналасқан. EDR жүйесінде тіркелген деректерді оқу үшін автокөлікке немесе EDR контроллеріне физикалық қолжетімділікке ие болу қажет.

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, AVATR компаниясы EDR жүйесіне жазылған деректер туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпейді:

- Автокөлік иесінің немесе жалға алушысының келісімімен.
- Құқық қорғау органдарының, соттың, үкіметтік мекеменің ресми талап етуі бойынша.
- AVATR компаниясы деректерді сот талқылауларында қолданады.

Қажет болса, EDR жүйесіне тіркелген деректер келесі мақсаттар үшін қолданылады:

- Автокөліктің қауіпсіздік сипаттамаларын зерттеу және жетілдіру.
- Зерттеулер және әзірлемелер мақсаттары үшін. Деректер үшінші тұлғаларға жария етіледі, бірақ автокөліктің иесі және оның автокөлігі туралы ақпарат жария етілмейді.

Деректерді оқу

EDR деректерін оқу үшін келесі тәсілдер қолданыла алады:

Өзінің кәсіби жабдығын стандартты борттық диагностикалық жүйеге (OBD) жалғайтын жергілікті өкілетті дилер немесе үшінші тарап (мысалы, құқық қорғау органдары) ұсынған арнайы сканерлеуші құралдың көмегімен оқу. Көлік құралының немесе EDR деректерін пайдалануға рұқсат етілген кезде деректер стандарттандырылған деректерді шығарып алу хаттамасы арқылы ұсынылады. Егер оларға OBD арқылы қол жеткізе алмай отырсаңыз, жергілікті өкілетті дилерге хабарласыңыз.

Оқиғаларды тіркеу

Автокөліктің алдында, қапталында немесе артында орын алып жатқан оқиғалар тіркелуі тиіс.

Оқиғалар туралы деректер күрделілігі жоғары оқиғалар (қауіпсіздік жастығының іске қосылуымен бірге) немесе оқиғалар (қауіпсіздік жастығы іске қосылмастан) ретінде тіркеле алады.

EDR контроллері үш оқиғаға дейін сақтай алады.

Тіркелген оқиғаларды үстінен қайта жазуға қолжетімді оқиғалар деп жіктеуге болады:

Егер бойлық тежелу кезінде жылдамдық 150 мс ішінде өзгерсе және 8 км/сағ-тан кем емес мәнді құраса, онда кез келген басқа оқиға үстіне жазыла алатын оқиға тіркеледі.

Автокөлік бір мезгілде 150 мс уақыт интервалының ішінде тежелу кезінде бүйірлік жылдамдықтың 8 км/сағ-тан кем емес өзгеруін тіркесе, онда үстіне кез келген басқа оқиғаны жазуға болатын оқиға тіркеледі.

Тіркелген оқиғалар жадта үстінен қайта жазуға қолжетімсіз оқиғалар деп жіктеле алады:

Егер қауіпсіздік жастықтары іске қосылса, онда тіркелген оқиғаның үстінен басқасы жазыла алмайды

EDR жүйесінде тіркелетін деректердің элементтері және олардың мәні:

Атауы	Мәні
Бойлық дельта-V	Автокөліктің тек бойлық жылдамдығының өзгеруі.
Максималды тіркелген бойлық дельта-V	X бағытының осі бойынша көлік құралы жылдамдығының EDR-де тіркелген жиынтық өзгерісінің максималды мәні.
Максималды тіркелген бойлық дельта-V-ге жеткенге дейін қажетті уақыт	X осінің бағытының бойымен нөлдік уақыттан бастап жылдамдықтың максималды кумулятивті өзгерісіне қол жеткізу үшін EDR-де тіркелген уақыт.

Атауы	Мәні
Айыру белгісі	Үдеу (бойлық немесе көлденең) алғаш рет датчик диапазонына жететін уақыт сәті.
Автокөліктің жылдамдығы	Жүргізу жылдамдығы қалыпты жұмыстық жүргізу режимінде барлық дөңгелектердің орташа айналу жылдамдығы ретінде көрсетіледі. Ерекше жұмыс режимінде (мысалы, тарту күшін реттеу функциясын белсендіру) автокөліктің орташа жылдамдығы ретінде жүргізу жылдамдығы шынымен айналып тұрған дөңгелектің жылдамдығымен қосылады. Деректердің дәлдігіне шиналардың өлшемдерінің ауыттық баптаулармен салыстырғандағы байқалатын ауытқуы және дөңгелектердің бұғатталуы секілді бірқатар факторлар әсер етеді.
Жүріс тежегіші, қосұлы немесе өшірулі	Жүргізушінің тежегіш педалін басқанын не баспағанын анықтау үшін қолданылады.
Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің күйі	Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі құлпының ажыратқышының күйі.

Атауы	Мәні
Акселератор педалінің күйі, толық ашық күйге қатысты пайызы	Акселератор педалі күйінің пайызы (акселератор педалі толық басылған күйде 99,568%; Жылдамдықты шектеу функциясын белсендіргенде үдеу сигналы максималды болып табылмайды).
Оқиға кезінде қоректендірудің қосылу циклі	Қоректендіруді бірінші қосқан сәттен оқиға туындағанға дейінгі EDR контроллері тіркеген қоректендіруді қосу циклдерінің саны.
Оқудың қосылу кезеңі	Қоректендіруді бірінші қосқан сәттен EDR жүйесін оқудың басталуына дейінгі EDR контроллері тіркеген қоректендіруді қосу циклдерінің саны.
Оқиға деректерінің жазбасының аяқталу күйі	Оқиға деректерінің EDR-ге толық жазылып сақталғанын не сақталмағанын көрсететін күй.
Осы оқиға мен соңғы оқиғаның арасындағы уақыт интервалы	Егер екі оқиға 5 секунд ішінде орын алса, онда бұл X оқиғасының (осы оқиға) орын алуынан бастап X-1 оқиғасының (алдыңғы оқиға) орын алуына дейінгі өткен уақыт.
Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі	Автокөлікті өндіруші зауыт тарапынан көрсетілген автокөліктің сәйкестендіру коды (VIN).

Атауы	Мәні
EDR деректерін жазып жатқан ECU жабдығының саны.	EDR контроллері жабдығының бірегей сәйкестендіргіші.
EDR деректері тіркелетін ECU-дің сериялық нөмірі	EDR контроллерінің сериялық нөмірі.
EDR деректерін тіркеуге арналған ECU бағдарламалық құралының нөмірі	EDR контроллері бағдарламалық құралының бірегей сәйкестендіргіші.

Шиналарды тексеру және қызмет көрсету

Қозғалыс кезінде жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін шинаның протекторы мен қапталын деформациялану, ісіну белгілерінің, бөтен заттардың, кесілген немесе қалыптан тыс тозған жерлерінің бар-жоғына қатысты жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Автокөлікті басқаруға кіріспес бұрын шиналардағы қысымды тексеріңіз (әсіресе алыс сапарға шығар алдында). Шиналардағы қысымның ұсынылатын сипаттамаларын сол жақтағы В бағанының астында орналасқан заттаңбадан қарап тексеруіңізге болады.

Ұсынылған ауа қысымын сақтау және ұқыппен жүргізу шиналардың қызмет ету мерзімін ұзартады.

Шиналарды сәйкестендіру


Шиналардың қапталындағы таңбалама шиналарды сәйкестендіру және негізгі сипаттамаларын көрсету үшін қолданылатын стандартталған ақпарат болып табылады.

Бұл ақпарат өлшемдерді, жүктеме индексін және жылдамдық деңгейін (мысалы, 265/45R21 108V) және т.б. қамтиды.

Мысал	Сипаттамасы	Өлш. бірл.
265	Қимасының номиналды ені	mm

Мысал	Сипаттамасы	Өлш. бірл.
45	Профильдің номиналды арақатынасы	/
R	Корд құрылымы тиінің коды	/
21	Дөңгелек құрсауының номиналды диаметрі	in
108	Жүктеме индексі	/
V	Жылдамдық индексі	/

Протектордың тозу белгісі




Шинаның тозу белгісін айына бір рет тексеріп отыруға кеңес беріледі, егер шина тозу белгісінің деңгейіне дейін тозған немесе тозу белгісінен төмен тозған болса, шинаны дереу ауыстыру қажет.

❗ Көмексөздер

Егер тозу таңбаламаларын ажырата білмесеңіз, ресми дилердің көмегіне жүгініңіз.

Шиналардың орындарын ауыстыру



Протекторының біркелкі тозуы үшін біршама жол жүріп өткеннен кейін, шиналардың орындарын ауыстырып салуға кеңес беріледі, шиналардың орындарын ауыстырған кезде жоғарыдағы суретте көрсетілген схеманы қолдануға кеңес беріледі.

❗ Көмексөздер

Шиналардың орындарын ауыстырып салуға қатысты сұрақтар туындаған жағдайда ресми дилерге хабарласыңыз.

⚠ Назар аударыңыз

- Жаңа шиналарды ауыстырып салғаннан немесе шиналарды жөндегеннен кейін қайтадан динамикалық теңгерімін тексеру қажет.
- Шиналар әркелкі тозған жағдайда дөңгелектердің орналасу күйінің реттелуін тексеру үшін ресми дилерге хабарласыңыз.
- Шиналардағы жеткіліксіз қысым шиналардың істен шығуының ең көп таралған себебі болып табылады және шиналардың қызып кетуіне, жарықтардың пайда болуына, протекторының қатпарланып ажырауына немесе шинаның жыртылуына алып келуі мүмкін, бұл ЖКО қаупін арттырып, кенеттен автокөліктің басқарымдылығынан айырылуға алып келуі мүмкін.
- Өз қауіпсіздігіңіз үшін тек өндіруші ұсынған шиналарды ғана пайдаланыңыз, ұсыныстарға сай келмейтін шиналарды орнату автокөліктің пайдалану сипаттамаларына әсер етуі мүмкін.

Автокөлік салонына күтім жасау

Салонның ішкі әрлемесіне қызмет көрсету

Автокөліктің ішкі әрлемесін жүйелі түрде тазалау ішкі әрлемені тамаша күйінде ұстауға мүмкіндік береді. Тазартқыш құралдарды қолданар алдында салонды шаңсорғышпен тазалап алыңыз.



Назар аударыңыз

- Киімдердің түсті маталары (мысалы, күңгірт түсті джинс және қой терісінен тігілген киім) ішкі матада дақтар қалдыруы мүмкін. Бұл жағдайларда мүмкіндігінше тездетіп салон матасын тазалау қажет.
- Автокөлік салонын тазалауға мамандандырылмаған тазартқыш құралдарды (ағартқыш құралдар, таза бензин, спирт және т.б.) қолданбаңыз, себебі бұл салон тыстамасын зақымдауы мүмкін.
- Жуғыш құралды басқару элементтеріне (мысалы, руль дөңгелегінің түймелеріне және т.б.) тікелей бүрікпеңіз.

Наппа былғарысына күтім жасау

Наппа былғарысына күтім жасауға жоғары талаптар қойылады, дұрыс күтпеген жағдайда кір-қоқыс тез жиналып қалады, бұл оның түсінің өзгеруіне және басқа да салдарларға алып келеді.

Қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

Ластанулар жағдайында автокөлік шаңсорғышын немесе жылы суды пайдалану қажет. Кепкеннен кейін бетті жұмсақ шүберекпен немесе жұмсақ щеткамен сүртіңіз.

Былғарының бетін жылы судың немесе дақ кетіруге арналған бейтарап тазартқыш құралдың көмегімен тазалаңыз, ал кепкеннен кейін бетті ретке келтіру үшін жұмсақ шүберекті немесе жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Дақты кетірген кезде бүкіл бетті тазалауға кеңес беріледі. Егер тек дақтар ғана тазартылатын болса, тазартылған беттің түсі тазартылмаған бетпен салыстырғанда ашығырақ болып қалуы мүмкін.



Назар аударыңыз

- Абразивті құралдар мен қылшығы қатты щеткалар қолданбаңыз.
- Еріткіштер, спирт, дезинфекциялау құралдарын, жылтыратқыш балауыз, дақ кетіргіш немесе осыған ұқса былғары әрлемелерді өңдеуге арналған материалдарды қолданбаңыз.

Бактерияларға қарсы материалдарды қолдана отырып тазалау

Бактерияларға қарсы материалдардың жүйелі түрде шаңын сүртіп отыру қажет. Егер оларды ұзақ уақыт бойы ластанған күйінде қалдырсаңыз, бұл бактерияларға қарсы материалдардың түсінің көмескіленуіне алып келеді. Сондықтан бактерияларға қарсы материалдардың шаңын жүйелі түрде сүртіп тұрған және оларды таза күйінде ұстаған жөн.

Қауіпсіздік белбеуі

Ластанған қауіпсіздік белбеулері ішіне тартылуға кедергі келтіруі және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуін ағартқыш немесе абразивті тазартқыш құралдар қолданбастан, жылы сумен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін қауіпсіздік белбеуін табиғи жолмен көптіріңіз немесе құрғатып сүртіңіз.

Төбенің қаптауыштарын және кілемшелерді тазалау

Төбені және кілемдерді жүйелі түрде шаңсорғышпен тазалап отырыңыз, ал қатты ластанған аймақтарды арнайы тазартқыш құралмен тазалаңыз.

Тыстамаларды зақымдап алмау үшін қатты ластанған бөліктерді қырнамаңыз.

① Көмексөздер

- *Автокөліктің кілем жабынының қызмет ету мерзімін ұзарту және оны тазалауды жеңілдету үшін осы автокөлік үшін арнайы әзірленген, педальдарды пайдалануға кедергі келтірмейтін аяқтарға арналған кілемшелерді пайдалануға кеңес беріледі.*
- *Кілемшелерді жүйелі түрде тазалап отырыңыз және олардың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір кілемше шектен тыс тозған болса, оны уақтылы ауыстырыңыз.*
- *Педальдарды пайдалануға кедергі келтірмеуі үшін жүргізушінің аяқтарға арналған кілемшесінің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз және оның үстіне басқа кілемше төсеңіз. Кілемше әрдайым автокөліктің штаттық кілем жабынының үстіне төселген болуы тиіс.*

Орталық басқару экраны және алдыңғы жолаушы экраны

Экран бетін ұқыптап тазалап алу үшін экранды тазалау кезінде микрофибрадан жасалған сүлгіні немесе экранға күтім жасауға арналған құралды пайдаланыңыз.

Экранды тазалау режимін белсендіру үшін, экранды тазаламас бұрын орталық экранның «Жарықтық және тақырып» интерфейсінде «Экранды тазалау режимін» басыңыз.

Экранды тазалауды аяқтағаннан кейін экранды тазалау режимінен шығу үшін экрандағы кез келген нүктені басып тұрыңыз.

Көмексөздер

- Экранды тазалау режимін қосқаннан кейін интеллектуалды көмекшіні қосуға болмайды.
- Тазалау режимін автокөлік Р берілісінде тұрғанда ғана белсендіруге болады.



Назар аударыңыз

- Тазалау кезінде экранға шектен тыс күшпен басуға және абразивті материалдарды пайдалануға тыйым салынады, әйтпесе экранға зақым келуі мүмкін.
- Жүру режимін ауыстырып қосқан кезде автокөлік автоматты түрде тазалау режимінен шығады.

Бірінші регламенттік қызмет көрсету

Автокөлікті сатып алған күннен бастап 12 айдан немесе 20 000 км-ден (қайсысының бұрын келетініне қарай) кейін жүргізілуі тиіс бірінші регламенттік қызмет көрсетуді өткізіп алмаңыз.

Регламенттік техникалық қызмет көрсету

Жүйелі қызмет көрсету кестесінде жоспарлы қызмет көрсету тармақтары және автокөліктің қажетті тексерістері тізіп көрсетілген. Сонымен бірге ресми дилер автокөлікті қарап тексерудің негізінде қосымша қажетті қызмет көрсету тармақтарын ұсынуы мүмкін.

Сервисаралық интервал		12 ай немесе 20 000 км сайын	24 ай немесе 40 000 км сайын	36 ай немесе 60 000 км сайын	48 ай немесе 80 000 км сайын	60 ай немесе 100 000 км сайын
Қызмет көрсету тармақтары		Тексеру (I), реттеу (A), ауыстыру (R)				
AVATR стандартты тексеру рәсімі		I	I	I	I	I
Тежеу жүйесі	Тежегіш сұйықтығы	I	I	R	I	I
	Алдыңғы және артқы тежегіш дискілері	I	I	I	I	I
	Тежегіш қыспақтары	I	I	I	I	I
Шанақ жабдығы	Өйнектазартқыш щеткалары	I	I	I	I	I
	Өйнекжуғыш сұйықтығы	I+A	I+A	I+A	I+A	I+A
Трансмиссия және аспа жүйесі	Алдыңғы редуктордың майлағыш майы*	-	-	-	-	R

Сервисаралық интервал		12 ай немесе 20 000 км сайын	24 ай немесе 40 000 км сайын	36 ай немесе 60 000 км сайын	48 ай немесе 80 000 км сайын	60 ай немесе 100 000 км сайын
Қызмет көрсету тармақтары		Тексеру (I), реттеу (A), ауыстыру (R)				
	Артқы редуктордың майлағыш майы	-	-	-	-	R
	Шиналар (қысым, протектордың тозуы)	I+A	I+A	I+A	I+A	I+A
Қозғалтқыштың салқындату жүйесі	Салқындату сұйықтығы	I	I	I	I	I
Климатты басқару жүйесі	Кондиционердің салқындатуы/жылытуы	I	I	I	I	I
	Кондиционер сүзгісі	R	R	R	R	R

Техникалық қызмет көрсетуден (ТҚК) өту уақытын анықтау үшін жүрілген жол (км) бойынша стандартқа немесе автокөлікті пайдалану мерзіміне сүйену қажет. Әрбір тексеру, реттеу, майлау және басқа да техникалық қызмет көрсету қатаң түрде кестелерде көрсетілген уақыт бойынша орындалуы тиіс. Ауыр жағдайларда пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету интервалын қысқарту қажет. Ауыр жағдайларға келесілер жатады:

- Қатты шаң-тозаң жағдайларында жүргізу.
- Жарыстар немесе сайыстар үшін қолдану.

- Қозғалтқышқа жоғары жүктеме түсіріп жүру (таулы немесе төбелері көп жермен жүру, жылдамдықты жиі белсенді үдету/тежелу).
- Ылғал ортада жүру немесе су кедергілерінен өту.
- Тұздары немесе коррозиялық материалдары бар жол төсемінде жүру.
- Жабдықты дұрыс орнатпау немесе AVATR рұқсатынсыз модификациялау.
- Оперативтік қызметте пайдалану немесе жоғары жүктемемен пайдалану секілді арнайы мақсаттарда жиі пайдалану.
- Қатты суық (0°C-тан төмен) немесе жоғары температура (40°C-тан жоғары) жағдайларында жүру.

Кепілдік шарттары

Автокөлікті сатып алу-сату шартына, қолданылатын заңдарға және нормативтік актілерге, сондай-ақ AVATR кепілдік саясатына сәйкес өнімдердің сапасымен байланысты проблемалар (конструкциялық, дайындау немесе материал кемшіліктері секілді) жағдайында ақаулы бөлшектерді кепілдікпен жөндеу немесе ауыстыру бойынша қызметтер ұсынылады. Шарттардың толық сипаттамасы автокөлікке қоса берілетін сервистік кітапшада берілген.

Кепілдік мерзімінің ішінде егер автокөлік өнімдердің кемшіліктеріне немесе ақауларына байланысты қозғала алмайтын болса, көлік иесі консультация алу үшін алдымен жақын жердегі ресми дилерге хабарласуы, ал егер бұл ақаулықтың сипаты автокөлікті жөндеу орнына өз жүрісімен жеткізуге мүмкіндік бермесе, автокөлікті жақын жердегі ресми дилерге жеткізуі (эвакуациялауы) тиіс.

Кепілдік шарттарына кіретін ақаулық туындаған жағдайда өндіруші кепілдігі автокөлікті жақын жердегі ресми дилерге жеткізуге (эвакуациялауға) таралады.

Бұл жағдайда эвакуациялау құнын өтеу кепілдік жөндеу бойынша қызметтерді көрсететін ресми дилерге жүктеледі.

Кепілдік бойынша жауапкершіліктің есептен шығарылуы

Төменде көрсетілген жағдайларда зақымдалған немесе жанама шығын келтірілген болса, AVATR автокөлігінің өндірушісі кепілдік бойынша бөлшектердің жөнделуі немесе ауыстырылуы үшін жауапкершілік көтермейді:

- Қалыпты тозудың, ескірудің және т.с.с. салдарынан автокөліктің түпнұсқа бөлшектерінің қасиеттерінің, пішінінің немесе түсінің өзгеруі.
- Автокөлікті жалға беру немесе басқа коммерциялық мақсаттар үшін пайдалану.
- Дұрыс пайдаланбаудан (мысалы, автокөліктің рұқсат етілген максималды массасынан асырып) немесе сақтамаудан туындаған зақымдар немесе жанама шығын.
- Осы нұсқаулықта айтылған автокөлікті пайдалану, техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу ережелерін бұзудан (мысалы, техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігін сақтамаған жағдайда) туындаған зақымдар.
- Өз бетінше реттеуден, бөлшектеуден немесе бөтен өндірушілер өндірген және AVATR автокөлігінің өндірушісі мақұлдамаған бөлшектерді пайдалана отырып қайта жабдықтаудан туындаған зақымдар.
- Автокөлікті қалыпты пайдалану жағдайларының шегінен шығатын сыртқы факторлардан (мысалы, бұл қашықтан басқару пультінің әрекет ету қашықтығының қысқаруына немесе оның істемей қалуына алып келетін

электромагнитті кедергілер және т.с.с. болуы мүмкін) туындаған ақаулықтар.

- Кейінгі уақыттағы және жанама шығындар (мысалы, автокөліктің болмауына байланысты қаржылық шығындар немесе уақытты жоғалту, уақытша мінетін автокөлікті сақтау немесе жалға алу шығыстары, тамақтану және басқа да жол шығыстары және т.с.с.).
- Тартымдық аккумулятор батареясының сыйымдылығының қалыпты төмендеуі, әдейі немесе кездейсоқ әсер етудің, суға батырудың және т.с.с. нәтижесіндегі аккумулятор батареясының зақымдалуы.
- Еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаған залал (мысалы, сұрапыл апаттардан, соғыстан, билік органдарының экспроприациясынан және т.с.с.).
- Сыртқы механикалық әсерден, жол-көлік оқиғасынан, ұрлаудан немесе ұрлауға әрекет жасаудан туындаған зақымдар.
- Кепілдіктің борттық құралдар жинағына (апаттық аялдау белгісі, шиналарды жөндеуге арналған жиынтық және т.б.) таралмауы.
- AVATR автокөлігінің жасалу сапасымен байланысты емес AVATR автокөлігінің зақымдалуына алып келетін басқа себептер.

Төтенше жағдай
туындаған кездегі
әрекеттер

Жарық шағылыстыратын кеудеше және апаттық аялдау белгісі

Жарық шағылыстыратын кеудеше

Жарық шағылысатын кеудеше шынтақтаяныштың алдыңғы жөшігінде орналасқан.

Егер жолда тоқтаған кезде автокөлікті тексеру немесе ақаулығын жөндеу үшін автокөліктен түсу қажет болса, жол қозғалысының басқа қатысушыларына өзіңіздің көрінуіңізді қамтамасыз ету үшін шынтақтаяныштың алдыңғы жөшігінен жарық шағылысатын кеудешені шығарып алу және мұқият киіп алу қажет.

Апаттық аялдау белгісі



Апаттық аялдау белгісі артқы жүксалғыш бөлімнің еденінің астында орналасқан.

Апаттық аялдау белгісін орналастыру

- Жай жолдарда апаттық аялдау белгісі автокөліктен 50 м-ден 100 м-ге дейінгі қашықтыққа орналастырылуы тиіс.
- Автомагистральдарда апаттық аялдау белгісі автокөліктің артында 150 м қашықтықта орналасуы, ал жаңбыр немесе тұман жағдайында бұл қашықтық 200 м-ге дейін ұзартылуы тиіс

❗ Көмексөздер

Жарық шағылыстыратын кеудешені және апаттық аялдау белгісін пайдаланып болғаннан кейін оларды бұрынғы орындарына қойыңыз.

⚠ Қауіп

Апаттық аялдау белгісін жарық шағылыстыратын кеудешесіз орнатуға тыйым салынады.

Шиналарды жөндеуге арналған жинақ




Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық артқы жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің астында орналасқан. Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық шиналарды жөндеуге арналған герметикті және электр компрессорын қамтиды. Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты шинаның азын-аулақ зақымдануына байланысты ауа жылыстап тұрған жағдайда уақытша құрал ретінде пайдалануыңызға болады.

Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық қоршаған ортаның - 30°C-тан 70°C-қа дейінгі температурасында қолданылуы тиіс. Жиынтықты келесі жағдайларда қолдануға рұқсат етілмейді (дереу жергілікті өкілетті дилермен хабарласу қажет):

- Шина шұрасының зақымдалуы немесе қатты деформациялануы.

- Шинаның кесілген немесе тесілген жерінің диаметрі 6 мм-ден асады.
- Дөңгелек құрсауы зақымдалған.
- Шинаның қапталы зақымдалған.

Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты пайдалану



1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тегіс бетке тұраққа қойыңыз.
2. Жазатайым жағдайлардан сақтануы үшін апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз, жарық шағылысатын кеудешені киіңіз, және автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.
3. Шинаның зақымдалу дәрежесін бағалаңыз.
4. Шиналарды жөндеуге арналған герметигі бар резервуарды ③ төңкеріп ұстаңыз, оны компрессорға орнатыңыз және бекітіңіз ②.

5. Компрессордың ауа айдайтын магистралін ⑤ шиналарды жөндеуге арналған герметиктің ауа қармауышына жалғаңыз және бұрап қатырыңыз.
6. Герметикті беру құрылғысының ауа магистралін ④ дөңгелектің ауа шұрасына жалғаңыз және бұрап қатырыңыз.
7. Компрессордың қоректендіру сымын ① сыртқы құрылғыларды қоректендіруге арналған ағытпаға, мысалы, автокөліктің шынтаянышының ұсақ-түйек бөліміндегі 12 В кернеуі бар ағытпаға жалғаңыз және автокөлікті белсендіріңіз.
8. Компрессорды қосыңыз ⑥, шинаға ондағы қысым жүргізуші есігінің ойығында көрсетілген мәнге жеткенше ауа айдаңыз.
9. Ауа үрлеп жатқан дөңгелектегі қысым 2,5 бардан асқан кезде шиналарды жөндеу жиынтығын шешіп алыңыз да, дереу кемінде 200 м қашықтыққа 50 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен қозғалуды бастаңыз, содан кейін аспаптар тақтасынан ағымдағы қысымды тексеріңіз.

 Назар аударыңыз

Егер жөндеуден кейін қысым 1,3 барға дейін төмендесе, автокөлікті жүргізуге тыйым салынады, жергілікті ресми дилердің көмегіне жүгініңіз.

10. Егер шиналардағы қысым 2,5 бардан төмен түспесе және тұрақта сақталып тұрса, автокөлікті 80 км/сағ-тан аспайтын жылдамдықпен жүргізіңіз. Егер шиналардағы қысым 2,5 бардан кем болса, 8-қадамды қайталаңыз.

 Қайып

Жарық шағылысатын кеудешенің кимеген болсаңыз, шиналарды жөндеуге тыйым салынады.

 Назар аударыңыз

- Шиналарға арналған герметикті балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жарақат алудан сақтану үшін шиналарды жөндеуге арналған герметиктің теріге, көздерге немесе киімге тиюіне жол бермеңіз.
- Егер шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты пайдаланған жағдайда сорғының көрсеткісі 10 минут бойы жасыл түсті аймаққа көрсете алмаса, бұл шинаға күрделі зақым келгенін білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз тұраққа қойғаннан кейін жергілікті ресми дилердің көмегіне жүгініңіз.
- Шиналарды жөндеуге арналған жинақ барлық жағдайларға бірдей сәйкес келмейді, жөндеу бойынша уақытша шара ретінде ғана қолданылады. Шинаны уақытша жөндегеннен кейін оны мүмкіндігінше тездетіп мамандандырылған ұйымға апарып жөндетіп алыңыз.
- Тек шиналарды жөндеуге арналған жинаққа кіретін шиналарды жөндеуге арналған герметикті ғана пайдаланыңыз.

Автокөлікті сүйрету

Сүйреу режимі

Сүйреу режимі автокөлікті бортсыз платформасы бар жүк автокөлігіне қарай жылжыту үшін ғана қолданылады. Сүйреу режимін қосқан кезде дөңгелектердің айналу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүйе автоматты түрде тұрақ тежегішін өшіреді және N берілісіне ауыстырып қосады.

Сүйреу режимін қосу және өшіру үшін орталық басқару экранында «қауіпсіз техникалық қызмет көрсету» интерфейсында «Сүйреу режимі» түймесін басыңыз.

Сүйреу режимі функциясын белсендіру

Сүйреу режимі функциясын қосу үшін келесі шарттардың бәрі орындалған болуы тиіс:

- Автокөлікті қоректендіру жүйесі қосұлы, ал орталық экран белсенді күйде тұр.
- Тежегіш педалін басыңыз.
- Берілістерді ауыстыру тұтқасы «P» күйінде тұр.
- Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы (AUTOHOLD) өшірулі.
- Зарядтау пистолеті жалғанбаған.




Ескерту

Сүйреу режимі тек автокөліктерді 6 км/сағ-тан кем жылдамдықпен қысқа қашықтықтарға сүйреу үшін ғана қолданылады. AVATR автокөліктің дұрыс сүйремеуден туындаған кез келген зақымдары үшін жауапкершілік көтермейді.


⚠ Назар аударыңыз

- Сүйреу режимін қосқан кезде автокөліктің орнынан жылжып кету қаупі бар, сондықтан сүйреу режимін қоспас бұрын дөңгелектердің қозғалмайтынына немесе автокөліктің басқаша жолмен орнында ұсталып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер сүйреу режимі белсендірілмеген немесе орталық консоль қолжетімсіз болса, автокөлікті эвакуаторға толық көтеру әдісімен немесе көмекші тасымалдау арбаларының көмегімен тиеуге болады.
- Сүйреу кезінде сүйреу режимін өшірмеңіз, сүйреу аяқталғаннан кейін дөңгелектер эвакуатор платформасында бекітілуі тиіс.
- Сүйреу аяқталғаннан кейін сүйреу режимінен шығу және автокөліктің тұрақты тұрғанына көз жеткізу қажет.


Алдыңғы жақтағы сүйреу құлақшасын пайдалану



1. Сүйреу құлақшасын жүксалғыш еденінің астынан алыңыз да, жүксалғышты жабыңыз.



2. Қорғаныш қапқының үстіңгі жиегінен басу арқылы сүйреу құлақшасына арналған алдыңғы қапқыты ашыңыз.




3. Сүйреу құлақшасын сағат тілінің бағытымен бұрап салыңыз да, қатырыңыз.
4. Пайдаланып болғаннан кейін сүйреу құлақшасын сақталатын орнына, ал қапқыты бастапқы күйіне қайтып салыңыз.


Артқы жақтағы сүйреу құлақшасын пайдалану



1. Сүйреу құлақшасын жүксалғыш еденінің астынан алыңыз да, жүксалғышты жабыңыз.



2. Сәйкес құралдың көмегімен сүйреу құлақшасының артқы қақпағын көрсетілген жерден шешіп алыңыз.



3. Сүйреу құлақшасын сағат тілінің бағытымен бұрап салыңыз да, қатырыңыз.
4. Пайдаланып болғаннан кейін сүйреу құлақшасын сақталатын орнына, ал қақпақты бастапқы күйіне қайтып салыңыз.


❗ Көмексөздер

- Сүйреу құлақшасын пайдаланған кезде апаттық жағдайда құлыпты ашу жүйесінің сымдар шоғыны зақымдап алмауыңызды қадағалаңыз.
- Егер автокөлікті сүйреп жылжыту қажет болса, сіздің атыңыздан бұл шаруаны тындыруы үшін кідірместен жергілікті ресми дилерге немесе кәсіби сүйреу компаниясына хабарласыңыз.

⚠ Ескерту

- Автокөлікті сүйреу кезінде апаттық сигнал беру жүйесі қосылған болуы және жергілікті сәйкес ережелер сақталуы тиіс.
- Сүйреу құлақшасы бұрандалы саңылауға сенімді түрде бұралып салынған болуы тиіс, әйтпесе сүйреу кезінде ол бұрандалы қосылыстан шығып кетуі мүмкін.
- Сүйреу сымарқаны автокөліктің кез келген басқа бөлігіне емес, тек сүйреу құлақшасына ғана бекітілуі тиіс, әйтпесе автокөлікке зақым келеді.
- Сүйреу кезінде жолаушылардың автокөлік ішінде отыруына тыйым салынады, себебі апат жағдайында бұл жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Автокөліктерді тасымалдау



- Біз сіздің автокөлігіңізді тек жоғарыда суретте көрсетілген платформада ① ғана тасымалдауға кеңес береміз.
- Жоғарыда көрсетілгендей көліктің дұрыс емес типін ②, ③, ④, ⑤ қолдануға тыйым салынады.


⚠ Ескерту

- Автокөлікті сүйреу жолымен эвакуатордың платформасына тиеу кезінде тиеу аймағында адамдар немесе заттар тұрмауы тиіс, себебі бұл жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- AVATR автокөліктің дұрыс тасымалдамаудан туындаған кез келген зақымдары үшін жауапкершілік көтермейді.

Автокөліктің алдыңғы есігін апаттық жағдайда іштен ашу

Төтенше жағдайда жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы алдыңғы есікті ашу үшін апаттық ашу тұтқасынан тарта алады.

Алдыңғы есіктің апаттық жағдайда ашу тұтқасы есік бөлімінің артқы бөлігінде симметриялы орналасқан. Төмендегі суретте тек жүргізуші есігінің апаттық ашу тұтқасы ғана көрсетілген.



Есікті ашу үшін алдыңғы қатар есігінің апаттық тұтқасынан ұстап тартыңыз.


Ескерту

Автокөліктің зақымдануынан немесе жарақат алудан сақтану үшін қозғалыс кезінде есіктің апаттық ашу тұтқасын қолданбаңыз.


Автокөліктің артқы есігін апаттық жағдайда іштен ашу

Төтенше жағдайда артқы жолаушы артқы есікті ашу үшін апаттық ашу шнурынан тарта алады.

Артқы есіктің апаттық жағдайда ашу шнуры есік бөлімінің алдыңғы бөлігінде симметриялы орналасқан. Төмендегі суретте артқы оң жақ есіктің ғана апаттық жағдайда ашу шнуры көрсетілген.



1. Автокөліктегі апаттық жағдайда құлыпты ашу шнурының қақпағын шешіп алыңыз.



2. Есікті ашу үшін артқы есікті апаттық жағдайда ашу шнурынан тартыңыз.




Назар аударыңыз


Автокөліктің зақымдануынан немесе жарақат алудан сақтану үшін қозғалыс кезінде есікті ашу үшін оның апаттық жағдайда құлып ашу шнурын қолданбаңыз.

Артқы жүксалғышты апаттық жағдайда ашу

Егер төтенше жағдайда жүксалғышты әдеттегі тәсілмен ашу мүмкін болмаса, оны келесі әрекеттерді орындау арқылы ашуыңызға болады:



1. Артқы қатар орындығының бұғаттан шығару суырмалы белбеуін жоғары қарай тартыңыз ①, артқы қатар орындығының арқалығын жинаңыз ②, және артқы жүксалғышқа қарай өтіңіз.




2. Сәндік қапқакты шешіп алу үшін қорғаныш қапқактың қысқышын қысыңыз.




3. Құлыпты апаттық жағдайда ашу иіңтірегін солға ең шеткі күйіне ауыстырыңыз, осыдан кейін ашу үшін жүксалғыш қапқакын сыртқа қарай итеріңіз.

Қоректендіру көзі апаттық жағдайдағы автокөліктің құлпын ашу


Егер автокөліктің қоректендіру көзінің ақаулығына байланысты автокөліктің құлпы ашылмай тұрса, төтенше жағдайда оны 12 В кернеуі бар сыртқы қоректендіру көзінің көмегімен ашуға болады.




1. Артқы бампердің сүйреу ілмегінің қақпағын сәйкес келетін құралдың көмегімен ашыңыз.




2. Ағытпа интерфейсінің қорғаныш қаптауышын шешіп алыңыз.



3. Сары түсті бекіткішті сырт еткен бұғаттан шығу дыбысы естілгенше көрсеткімен көрсетілген бағытқа қарай тартыңыз (Бекіткішті толық шешіп алмай, бұғаттан шығарыңыз).




4. Сымның ұшын қорғауға арналған құрылғыны ашыңыз, оң және теріс кабельдерді шешіңіз.




5. Оң клемманы сыртқы қоректендіру көзінің плюс өрісіне жалғаңыз.
6. Теріс клемманы сыртқы қоректендіру көзінің минус өрісіне жалғаңыз.

7. Жалғағаннан кейін автокөліктің құлпын кілттің көмегімен ашыңыз.
8. Автокөліктің құлпын ашқаннан кейін оң және теріс кабельдерді сыртқы қоректендіру көзінен мынадай тәртіп бойынша ажыратыңыз: алдымен теріс кабельді ажыратыңыз, содан кейін оң кабельді ажыратыңыз.



9. Оң және теріс кабельдерді бұрынғы орнына орнатыңыз, сондай-ақ ағытпа интерфейсінің қорғаныш қаптауышын жабыңыз.



10. Клипсаларды қалпына келтіріңіз, артқы қақпақты бастапқы күйіне қайта салыңыз.

 Ескерту


- 12 В кернеуі бар сыртқы қоректендіру көзін қолданыңыз.
- Оң және теріс кабельдерді шығарып алған кезде кабельдердің екі ұштарының бір-біріне жанасуына жол беруге тыйым салынады, себебі олардың кездейсоқ жанасуы тізбектің істен шығуына және автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Қоректендіру көзін жалғағыш кабельдердің көмегімен қосқан кезде оң шықпаның теріс шықпадан бұрын жалғанғанына көз жеткізіңіз, себебі жалғаудың дұрыс емес тәртібі тізбектің істен шығуына және автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Апаттық жағдайда автокөліктің құлпын ашу тек автокөлік құлпы борттық желідегі кернеудің жеткіліксіздігінен ашыла алмай тұрған төтенше жағдайда ғана қолданыла алады. Автокөліктің құлпын ашу сәтті орындалғаннан кейін дереу қоректендіру көзін ажыратыңыз және сүйреу құлақшасының қақпағын орнына орнатыңыз. Қоректендіру көзін автокөліктің электр жабдықтарын жұмыс істету үшін пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады.

- Егер автокөліктің құлпына апаттық жағдайда ашуға қатысты күмәніңіз болса, жергілікті ресми дилердің көмегіне жүгініңіз.


Зарядтау пистолетін апаттық жағдайда бұғаттан шығару

Баяу зарядтауға арналған порттың апаттық сымарқаны артқы жүксалғыштың сол жақ қаптауышының астында орналасқан.

Егер айнымалы токтың зарядтау пистолетін автокөліктің баяу зарядтау портынан ажырату мүмкін болмаса, зарядтау пистолетін апаттық жағдайда бұғаттан шығару үшін келесі әрекеттерді орындауға болады.



1. Артқы жүксалғышты ашыңыз, артқы жүксалғыштың сол жағындағы төмен вольтті аккумулятордың қорғаныш қақпағын шешіп алыңыз.




2. Зарядтау пистолетін бұғаттан шығару үшін баяу зарядтау портының апаттық сымарқанын тартыңыз.
3. Зарядтау пистолетін шығарып алу үшін зарядтау пистолетіндегі бұғаттан шығару түймесін басыңыз.


Назар аударыңыз

Баяу зарядтау интерфейсіне арналған апаттық сымарқан зарядтау пистолетін бұғаттан шығару мүмкін болмай қалған жағдайда ғана қолданылады. Бұғаттан шығару сәтті орындалғаннан кейін тексерту және жөндету үшін жергілікті ресми дилерге жүгінізіз.

Сақтық шаралары

Ескерту белгілері туралы ақпарат

Белгінің атауы	Белгінің суреті	Белгілердің түсіндірмесі
Жоғары кернеу туралы ескерту белгісі		Жоғары кернеуі бар бөлшектерден ұстауға тыйым салынады
Жоғары кернеу бөлшектерінің ескерту белгісі		Жоғары кернеу қаупі, бұл бөлшекті рұқсатсыз бөлшектеуге және техникалық қызмет көрсетуге тыйым салынған

Белгінің атауы	Белгінің суреті	Белгілердің түсіндірмесі
Тартымдық аккумулятордың таңбаламасы		Аккумулятор батареясы электр тогының соғуынан, тұтанудан және коррозиядан қорғанышы
Жоғары кернеулі сымдар шоғының белгісі		Қызғылт сары түсті сымдар шоғыры- жоғары кернеулі сымдар шоғыры

Апаттық құралдар

Қорғаныш құралдары

Жоғары вольтті жүйеден ұстайтын немесе онымен жұмыс істейтін жағдайда келесі қорғаныш құралдарын дұрыс пайдалану қажет:


- Оқшаулағыш қолғаптар
- Оқшаулағыш аяқ киім
- Оқшаулағыш құрал-сайман
- Өрт сөндіру жабдығы
- Оқшаулағыш дулыға
- Қорғаныш көзілдірік
- Жабысқақ оқшаулағыш таспа
- Еріткіштердің әсеріне төзімді қорғаныш қолғап
- Оқшаулағыш қорғаныш ілмек
- Өртке қарсы кенеп

Қайып

- Жоғары вольтті жүйелермен жұмыс істегенде міндетті түрде қорғаныш жабдықтарын киіңіз.
- Жоғары вольтті бөлшектерден ұстайтын жағдайда 1000 В-тан жоғары оқшаулағыш қолғаптар киіңіз.
- Жоғары вольтті жүйемен оқшаулағыш құрал-сайманның көмегімен жұмыс істеңіз.
- Оқшаулағыш қорғаныш ілмекті дайындаңыз.
- Литийлі батареяларға сәйкес келетін өрт сөндіргіш және көп мөлшерде таза су қолданыңыз.
- Екі кісі болып жұмыс істеуге кеңес беріледі, себебі оқиға орын алған жағдайда сізге көмек қажет болуы мүмкін.

Ток көзін ажырату

1. Автокөлік қозғалыссыз күйде тұрғанда орталық экранда «қауіпсіз техникалық қызмет көрсету» интерфейсінде «қоректендіруді бір рет басу арқылы өшіру» түймесін басыңыз да, автокөлікті қоректендіру жүйесі өшірілген күйге ауыстырыңыз.



2. Артқы жүксалғышты ашыңыз, артқы жүксалғыштың сол жағындағы төмен вольтті аккумулятордың қорғаныш қақпағын шешіп алыңыз.




3. Сәйкес құралдарды қолдана отырып, төмен вольтті батареяның теріс клеммасын шешіп алыңыз.

Қауіп

- Апаттық жағдайда құтқару жұмыстарын жоғары кернеуді ажыратқаннан кейін жүргізуге болады, алайда бұл ретте оқшауланған қорғаныш құралдарын пайдалану қажет, әйтпесе күрделі жарақаттар алу немесе кісі өлімі орын алу қаупі бар.
- Жоғары кернеуді ажыратудың кезеңдерін қатаң түрде сақтау қажет. Бұл талапты орындамау күрделі жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Жоғары кернеуді өшіру бойынша операцияларды орындау кезінде көлік құралын қосуға әрекет жасауға тыйым салынады.



Апаттық-құтқару қызметтеріне арналған ақпараттық карта

07



Автокөліктегі жоғары температуралар мен жоғары қысым аймақтары – бұл кесуге тыйым салынған аймақтар, мысалы,

қауіпсіздік жастықтарымен байланысты компоненттер және жоғары қысымды компоненттер.

Белгіше	Сипаттамасы	Белгіше	Сипаттамасы
	Жоғары кернеуі бар компоненттер		Қауіпсіздік белбеуін алдын ала тартуға арналған құрылғы
	Қауіпсіздік жастығы		Жүксалғыш бағаны
	Қауіпсіздік жастығының контроллері		Қатты қыр
	Бүйірлік қауіпсіздік қалқасын сақтауға арналған цилиндр		Төмен вольтті аккумулятор

Суға батқан автокөлікпен апаттық-құтқару жұмыстары

Суға батқан автокөлікпен жұмыс істеу кезінде құтқарушы персонал сәйкес құтқарушыға арналған қорғаныш құралын киюі және алдымен автокөлікті судан шығарып алуы тиіс.

Қауіп

Суға батқан автокөліктің зақымдалу дәрежесін барлық уақыт бірдей анықтау мүмкін емес, және суға батқан автокөлікпен жұмыс істеу кезінде құтқару персоналы құтқарушыларға арналған сәйкес қорғаныш құралын киюі тиіс, әйтпесе электр тоғы соғуы мүмкін, бұл күрделі жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келеді.

Автокөлік өртенген жағдайдағы әрекеттер

Егер автокөліктен түтін шығып тұрса немесе автокөлік тұтанса, дерек автокөліктен шығыңыз және арнайы қызметтерді шақырыңыз.

Егер автокөліктің астыңғы бөлігінен шығып тұрған түтін немесе жалын көрінбесе, бұл автокөліктегі өрттің жоғары вольтті батареяға тимеген болуы мүмкін екенін көрсетеді, және өрттің таралуының алдын алу үшін персонал оқиға орнында өртті сөндіруге ұнтақты немесе көбікті өрт сөндіргіштерді қолдануы тиіс. Ашық өрт өшірілгеннен кейін әрмен қарайғы өңдеу жұмыстарына кіріспес бұрын оның қайтадан тұтанбайтынына көз жеткізіңіз.

Егер жоғары вольтті батарея жанса немесе қызып кетсе, немесе тіпті майысқан, жарылған немесе зақымданған болса, жоғары вольтті батареяны суыту үшін судың немесе араласқан көбікті өрт сөндіргіштің көп мөлшерін қолданыңыз. Жоғары вольтті батарея толықтай суығаннан кейін жоғары вольтті батареяның қызып кетпегеніне көз жеткізу үшін белгілі уақыт бойы оны қадағалаңыз, содан кейін автокөлікті ашық тегіс бетке қойыңыз және адамдар автокөліктен ұстамауы үшін 15 м шекте қауіпсіздік аймағын белгілеңіз.

❗ Көмексөздер

Полиция шақырған кезде құтқарушы персоналға бұл автокөліктің жаңа энергия көздерімен жүретін толықтай электрлі автокөлік екенін хабарлау қажет.

⚠ Ескерту

- Егер автокөлік жанып жатса, оның бір де бір бөлігінен ұстаушы болмаңыз, ал кәсіби құтқару персоналы құтқару үшін сәйкес қорғаныш жарағын киюі тиіс.
- Жоғары температура жағдайларында қауіпсіздік жастығының резервуарында сақталып тұрған газ қызуы, ұлғаюы немесе тіпті жарылып кетуі мүмкін. Жарақаттардан сақтану үшін құтқарар алдында абай болыңыз.
- Жанып жатқан жоғары вольтті батареяны салқындату бойынша шаралар қолданғаннан кейін жоғары вольтті батареяның қайтадан тұтану қаупіне дайын болу және тасымалдау кезінде қауіп-қатерден сақтану қажет.

Литийлі аккумулятордың зақымдалуы және электролиттің жылыстауы

Литийлі аккумулятордың құрамында электролит бар. Электролиттердің тиюінен химиялық күйік шалудан сақтану үшін әрдайым сәйкес қорғаныш құралдарын киіңіз және келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Абайсызда электролитпен немесе түтінмен тыныстаған жағдайда оның компоненттері респираторлық аллергия тудыруы мүмкін, ал булармен тыныстау үстіңгі тыныс алу жолдары мен өкпенің аллергиясын тудыруы мүмкін. Сізге дереу таза ауамен дем алу және дәрігерге көріне қажет.
- Электролит немесе түтін теріге тиген жағдайда оның компоненттері тері аллергиясын немесе химиялық күйік тудыруы мүмкін. Ластанған киімді дереу ауыстыру және теріні сабындап сумен жуу қажет. Химиялық күйіктер немесе кейінгі тітіркену пайда болған жағдайда дереу дәрігерге көрініңіз.
- Электролит теріге ұзақ уақыт тиіп тұрған жағдайда оның компоненттері тері арқылы сіңуінің салдарынан жергілікті қабынуға алып келуі мүмкін.
- Электролит көзге тиген жағдайда оның компоненттері күрделі аллергия және химиялық күйік тудыруы мүмкін. Сізге химиялық заттектердің қалдықтары кеткенге дейін бірден 15 минуттан ұзақ көздеріңізді сумен жуу, содан кейін дәрігерге көріну қажет.

- Электролит жеңіл тұтанады.
- Электролит жылыстаған жағдайда сәйкес жеке қорғаныш құралдарын киіңіз және төгілген электролитті құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Бұл аймақтың жеткілікті деңгейде желдетілуіне көз жеткізіңіз.

Электролиттің жылыстауы немесе литийлі аккумулятордың корпусының қандай да бір зақымдары анықталған жағдайда құтқарушылар жеке қорғаныш құралдарын киюге міндетті.

Электролитті қолмен ұстауға тыйым салынады. Электролитті әк ұнтағымен ерітуге және бейтараптандыруға рұқсат етіледі. Электролитті сумен ерітуге тыйым салынады.

Бейтараптандыру литийлі аккумулятордың күйін тұрақтандыруға көмектеседі, алайда оның разрядталуына алып келмейді.

Литийлі аккумулятордың электролитінің сипаттамалары:

- Электролиттің түсі – мөлдір немесе сарғыш сұйықтық.
- Өткір иісі бар.
- Тұтқырлығы бойынша суға ұқсайды.
- Бетте ақ немесе сұр іздер қалдырады.

Басқа сұйықтықтар:

Мысалы, әйнекжуғыш сұйықтығы, тежегіш сұйықтығы, салқындату сұйықтығы және т.б. мұндай сұйықтықтар кәдімгі отынмен жұмыс істейтін автокөліктердегі сұйықтықтармен бірдей.

Ақаулы автокөлікті сақтау

Егер ақаулы автокөлікті сақтау немесе қараусыз қалдыру қажет болса, жоғары кернеу жүйесі өшірілуі тиіс. Сонымен бірге автокөліктің сыртқы жағына жоғары кернеу туралы ескерту жапсырмалары жабыстырылады, сондай-ақ бөтен тұлғаларға автокөліктен ұстауға тыйым салынғаны және бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін екені туралы еске салатын жоғары кернеу туралы ескерту белгілері орналастырылады.


Тартымдық аккумулятор зақымдалған жағдайда (мысалы, суға батқанда, өрт немесе соқтығысу кезінде) тұтанудың қайтадан басталу мүмкіндігіне байланысты автокөлік ашық кеңістікте сақталуы тиіс, және бөтен адамдардың автокөліктен ұстауына жол бермеу үшін автокөліктің айналасына кемінде 15 м қауіпсіз аймақ белгіленуі және ескерту белгілері орнатылуы тиіс.

Ақаулы автокөлік таза және құрғақ ортада сақталуы тиіс, оларды жоғары температуралы жылу көздерімен бірге сақтауға тыйым салынады.

Техникалық сипаттамалар

Автокөліктің габариттік өлшемдері

08



Ескертпе	Атауы	Өлшемдері (мм)
A	Алдыңғы шығу бұрышы	915

Ескертпе	Атауы	Өлшемдері (мм)
B	Дөңгелек базасы	2975
C	Артқы аспа	990
D	Ұзындығы	4880
E	Алдыңғы осьтің жолтабаны	1678
F	Ені (сыртқы айналардың енін қоспағанда)	1970
G	Артқы осьтің жолтабаны	1678
H	Биіктігі (жүктемесіз)	1601

Автокөлік туралы ақпарат

Автокөліктің моделі	SC6491ECJBEV	SC6491ECFBEV
Жетек түрі	Барлық дөңгелектерге толық жетек 4X4	Артқы жетек
Минималды бұрылу радиусы (толық жүктеме)(м)	12	
Көтеріліп міну бұрышы (толық жүктеме)	18°	
Түсу бұрышы (толық жүктеме)	21°	
Минималды клиренс (толық жүктеме) (мм)	155	160
Бойлық өткіштік бұрышы (толық жүктеме)	12°	13°
Ішкі дөңгелектің бұрылу бұрышы	37°±2°	
Сыртқы дөңгелектің бұрылу бұрышы	31°±2°	

Орындық параметрлері

08

Тармақтар	Алдыңғы қатар орындығы	Артқы қатар орындығы	
		Бес орындық	Төрт орындық
Орындықтың алдыға және артқа штаттық алдын ала орнатылған күйі ^a	Орындықты шеткі күйіне дейін артқа, содан кейін алдыға 40 (мм-ге) реттеңіз	/	/
Орындықтың жоғары/төмен штаттық алдын ала орнатылған күйі ^a	Орындықты шеткі күйіне төмен артқа, содан кейін жоғары 20 (мм-ге) реттеңіз	/	/
Арқалықтың штаттық алдын ала орнатылған еңкею бұрышы ^a	Орындық арқалығын алдыға қарай шеткі күйіне дейін, содан кейін 29°-қа артқа реттеңіз.	Орындық арқалығын шеткі күйіне дейін артқа, содан кейін алдыға 6°-қа реттеңіз	Орындық арқалығын артқа шеткі күйіне дейін, содан кейін алдыға 12°-қа реттеңіз

^a: Орындық жастығының тереңдігін өлшеген жағдайда

Электржетек параметрлері

Тармақтар	Параметрлер	
	Алдыңғы*	Артқы
Жетек қозғалтқышының типі	Айнымалы тоқтың асинхронды	Тұрақты магниттері бар синхронды
Жетек қозғалтқышының моделі	YS210XY584	TZ210XY584
Жұмыстық кернеу (В)	403VDC-740VDC	
Жалғаспалы қуат (кВт)	40	70
Шыңдық қуат (кВт)	195	230
Жалғаспалы айналдыру сәті (Нм)	62	140
Шыңдық айналдыру сәті (Нм)	280	350
Номиналды жұмыстық айналу жылдамдығы (айн. / мин.)	6161	4640
Шыңдық жұмыстық айналу жылдамдығы (айн. / мин.)	17300	
Салқындату тәсілі	Майлы салқындатқышпен	

Тармақтар	Параметрлер	
	Алдыңғы*	Артқы
Оқшаулау классы	Н	
Қорғаныш классы	IP67	

Динамикалық сипаттамалар

Автокөліктің моделі	SC6491ECJBEV	SC6491ECFBEV
Жетек түрі	Толық жетек (4X4)	Артқы жетек
Максималды жылдамдық (км / сағ)	200	
Максималды еңсерілетін өр ^a (%)	≥30	
Электр қуатын тұтыну ^b (кВт-сағ/100 км)	18,5	16,7
Жалпы қашықтық ^b (км)	700	630

^a: Тауға қарай қозғалу.

^b: Келтірілген деректердің бәрі CLTC режимінде алынған деректер болып табылады.

Тартымдық аккумулятордың параметрлері

Тармақтар		SC6491ECFBEV	SC6491ECJBEV
Бір корпусстық жоғары кернеу аккумуляторы	Түрі	Литий-никель-марганец-кобальт-оксидті аккумулятор (NCM)	
	Номиналды керуі (В)	3,66	3,67
	Номиналды сыйымдылығы (Асағ)	147	204
Тартымдық аккумулятор жүйесі	Номиналды керуі (В)	614	572
	Тартымдық аккумулятордың жалпы сыйымдылығы (кВт • сағ)	90,38	116,79
	Тартымдық аккумуляторлар саны (д.)	1	
	Тартымдық аккумулятордың салмағы (кг)	520	625
	Разрядталу кезіндегі температура (°C)	-30-55	
	Зарядтау кезіндегі температура (°C)	-20-55	

Ұсынылатын майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат

Май параметрлері

Тармақтар		Параметрлер	
Атауы	Түрі	Алдыңғы	Артқы
Редуктор майы	CASTROL BOT805CEV	1,6 ± 0,1 (л)	1,8 ± 0,1 (л)
Әйнекжуғыш сұйықтығы	Автокөліктің алдыңғы әйнегінің тазартқышы ZT-30	2 (л)	
Салқындату агенті	R134a	850 ± 15 (г)	
Тежегіш сұйықтығы	DOT4/HZY4	1000 (мл)	

Толтырылған салқындату сұйықтығының мөлшері

Атауы	Түрі	СС жүйесі контурына арналған толтыру мөлшері (л)	Батарея жүйесі контурына арналған толтыру мөлшері (л)	Жетек электронды жүйесі контурына арналған толтыру мөлшері (л)
Тартымдық аккумулятордың салқындату сұйықтығы	LEC- II -40	2,78	5,33	7,4

Тежеу жүйесінің және аспаның параметрлері

Аспа параметрлері

Тармақтар	Түрі
Алдыда	Қосарлы көлденең иінтірегі бар тәуелсіз аспа
Артта	Көп иінтіректі типті аспа

Тежеу жүйесінің параметрлері

Тармақтар		Параметрлер	
Тежегіш дискісінің қалыңдығы (мм)		Алдыда	Артта
		28~30	18~20
Тежегіш фрикционының қалыңдығы ^a (мм)	Түрі	Алдыда	Артта
	Қалқымалы суппорт	2~10	2~10
	Қозғалмайтын тежегіш суппорты	3,8~10	/
Тежегіш педалінің еркін жүрісі (мм)		12	

^a: артқы панельдің қалыңдығын қоспағанда.

Құлау түйісу бұрышы

Тармақтар		Параметрлер	
		SC6491ECFBEV	SC6491ECJBEV
Алдыңғы дөңгелектер	Түйісу	$0,067^{\circ} \pm 0,05^{\circ}$	$0,069^{\circ} \pm 0,05^{\circ}$
	Жалпы түйісу	$0,134^{\circ} \pm 0,1^{\circ}$	$0,138^{\circ} \pm 0,1^{\circ}$
	Дөңгелектердің құлау бұрышы	$-0,451^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$	$-0,453^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
	Шүберіннің бойлық еңкею бұрышы	$4,531^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$	$4,526^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
Артқы дөңгелектер	Түйісу	$0,063^{\circ} \pm 0,05^{\circ}$	$0,057^{\circ} \pm 0,05^{\circ}$
	Жалпы түйісу	$0,126^{\circ} \pm 0,1^{\circ}$	$0,114^{\circ} \pm 0,1^{\circ}$
	Дөңгелектердің құлау бұрышы	$-1,296^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$	$-1,303^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$

Дөңгелектердің орнатылуын реттеудің барлық мәндері автокөліктің жабдықталған массасымен (стандартты жабдық, барлық қажетті сұйықтықтар) бір жағындағы шиналардың параметрлерінің мәндерімен өлшенді

Шиналардың параметрлері

Шина спецификациясы

Шина өлшемі/типі	Шиналардағы ұсынылатын қысым			
	Қалыпты жүктеме кезінде (кПа)		Максималды жүктеме кезінде (кПа)	
	Алдыда	Артта	Алдыда	Артта
265/45 R21	240		290	
265/40 R22	250		290	
ECO ^a	290		300	

^a: Энергия үнемдеу режимінде ұзақ пайдалану кезіндегі шиналардағы ұсынылған қысым.

Қосалқы дөңгелек спецификациясы

Қосалқы дөңгелектің өлшемі/типі	Шиналардағы ұсынылатын қысым
175/80 R19	420kPa

Шинаны динамикалық теңгеру кезіндегі параметрлер


Шина өлшемі/типі	Шинаны динамикалық теңгеруге қойылатын талаптар (g)	Дөңгелек сомынын бұрап қатыру сәті (Нм)	Күпшек типі
265/45 R21	≤10	110±5	21x9J
265/40 R22			22x9J

Масса және сыйымдылық

Автокөліктің моделі	SC6491ECFBEV	SC6491ECJBEV
Жалпы массасы (кг)	2555	2873
Жалпы массаның (алдыңғы) оське түсетін жүктемесі (кг)	1120	1320
Жалпы массаның (артқы) оське түсетін жүктемесі (кг)	1435	1553
Жабдықталған массасы (кг)	2180	2425
Жабдықталған массаның (алдыңғы) оське түсетін жүктемесі (кг)	1005	1175
Жабдықталған массаның (артқы) оське түсетін жүктемесі (кг)	1175	1250
Тасымалданатын жолаушылардың рұқсат етілген саны (адам)	5	4 немесе 5, конфигурацияға байланысты


Автокөліктің сәйкестендіру коды

Көлік құралының сәйкестендіру коды (VIN) - бұл келесі жерлерге ойып жазылған немесе басылған автокөліктің бірегей сәйкестендіру коды:



Көлік құралының алдыңғы сәйкестендіру коды аспаптар тақтасының сол жағында алдыңғы әйнектің астында орналасқан.


Көлік құралының артқы сәйкестендіру коды
жүксалғыштың сол жағында орналасқан.



Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) алдыңғы оң жақта жолаушы орындығының астына ойып жазылған.

Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасы мен жапсырмалары

Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасы



Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасы автокөліктің оң жағында «В» бағанының астында орналасқан.

Автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасында автокөліктің өндірушісі туралы ақпарат, автокөліктің сәйкестендіру нөмірі, автокөліктің максималды рұқсат етілген толық массасы және автокөлік туралы басқа да ақпарат көрсетіледі.

Нақты сипаттамалар автокөліктің жинақтамасына және опцияларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Шиналар және жүктеме туралы ақпарат





Автокөліктің шиналары туралы ақпарат автокөліктің сол жағында «В» бағанының астында орналасқан.

Жапсырмада автокөлік шиналарының типі және шиналардағы қысым көрсетілген.


Жетек қозғалтқышының сәйкестендіру коды


Алдыңғы қозғалтқыштың сәйкестендіру таңбалары



Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Қозғалтқыш контроллерінің типі және зауыттық коды
②	Қозғалтқыштың типі және зауыттық коды (таңба нөмірі)

Артқы қозғалтқыштың сәйкестендіру таңбалары





Реттік нөмір	Сипаттамасы
①	Қозғалтқыш контроллерінің типі және зауыттық коды
②	Қозғалтқыштың типі және зауыттық коды (таңба нөмірі)